

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2023 жылғы 29 тамыздағы
отырысында мақұлданған,
№ 29 хаттама

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
2024–2028 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ
БОЛЖАМЫ**

Екінші кезең

Қазақстан Республикасының орта мерзімді кезеңге арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамы Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 61-бабына сәйкес әзірленеді және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің <http://www.gov.kz/memleket/entities/economy/documents/details/> ресми web-сайтында орналастырылады.

Әлеуметтік-экономикалық даму болжамын әзірлеу қағидалары мен мерзімдері Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 8 қаңтардағы № 9 бұйрығымен бекітілген <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500010555>.

Елдің және өңірлердің бесжылдық кезеңге арналған әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі көрсеткіштерін болжамдау әдістемесі Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2021 жылғы 22 қаңтардағы № 10 бұйрығымен бекітілген <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100022123>.

Әлеуметтік-экономикалық даму болжамында мынадай аббревиатуралар пайдаланылады:

- | | |
|-----------------|--|
| 1. АӨК | – агроөнеркәсіптік кешен |
| 2. АХҚО | – «Астана» халықаралық қаржы орталығы |
| 3. ӘМАТ | – әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары |
| 4. БҰҰ | – Біріккен Ұлттар Ұйымы |
| 5. ӘЭДБ | – Қазақстан Республикасының Әлеуметтік-экономикалық даму болжамы |
| 6. ДСҰ | – Дүниежүзілік сауда ұйымы |
| 7. ЕАЭО | – Еуразиялық экономикалық одақ |
| 8. ЖІӨ | – жалпы ішкі өнім |
| 9. МЖӨ | – мемлекеттік-жекешелік әріптестік |
| 10. НКИ | – нақты көлем индексі |
| 11. п.т. | – пайыздық тармақ |
| 12. ТМД | – Тәуелсіз мемлекеттер достастығы |
| 13. ТМС | – табиғи монополиялар субъектілері |
| 14. ТМК | – тау-кен металлургия кешен |
| 15. ТжКБ | – техникалық және кәсіптік білім беру |
| 16. ТХКБ | – транскаспий халықаралық көлік бағыты |
| 17. ТКШ | – тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық |
| 18. Ұлттық Банк | – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі |
| 19. Ұлттық қор | – Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры |
| 20. ХВҚ | – Халықаралық валюта қоры |
| 21. ШОБ | – шағын және орта бизнес |

МАЗМҰНЫ

I. Қазақстан Республикасы экономикасының даму қорытындысы	4
Елдің 2022 жылғы әлеуметтік-экономикалық дамуы	4
2022 жылғы есептік және болжамды деректердің алшақтығын талдау	5
Қазақстан экономикасының ағымдағы даму серпіні	7
II. Әлеуметтік-экономикалық даму болжамы	8
Экономиканың даму перспективалары	8
Дамудың сценарийлік шарттары	9
Базалық сценарий кезіндегі экономикалық өсу факторлары	14
Базалық сценарий кезіндегі экономика салаларының өсу болжамы	15
III. Экономикалық саясаттың негізгі бағыттары	18
Макроэкономикалық тұрақтылық	19
Экономика салаларын дамыту	23
Бизнес-ахуал және бәсекелестік	28
Инвестициялық тартымдылық	29
Цифрландыру және инновация	31
Адами капитал	32
Мемлекеттік басқару жүйесі	36
Өңірлік даму	37
Экономикалық интеграция	37
IV. Мемлекеттік қаржының тұрақтылығы	38
Мемлекеттік қаржының тұрақтылығын бағалау	38
Жоспарлы кезеңге арналған бюджет параметрлерінің болжамы	38
Ішкі және сыртқы үкіметтік борыштың болжамын қоса алғанда, мемлекет міндеттемелерінің параметрлері	45

Қосымша. Болжамды деректер:

2024–2028 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму

2024–2026 жылдарға арналған бюджет пен Ұлттық қор параметрлері

I. Қазақстан Республикасы экономикасының даму қорытындысы

Елдің 2022 жылғы әлеуметтік-экономикалық дамуы

2022 жылы әлемдік экономика COVID-19 пандемиясынан енді ғана қалпына келе бастады, ол геосаяси қарсылық, Қытайдағы ковидке қарсы қатаң шаралар, әлемнің жетекші елдеріндегі инфляциямен белсенді күрес сияқты бірқатар жаңа күйзелістерге тап болды.

Сыртқы сын-қатерлерге қарамастан, Қазақстан экономикасы жаңа жағдайларға сәтті бейімделіп, 2022 жылдың қорытындысы бойынша ЖІӨ-нің 3,2 % деңгейінде өсуіне қол жеткізді. Тауар өндірісі 3,5 %-ға, көрсетілетін қызметтер өндірісі 2,5 %-ға өсті.

Экономикалық өсудің негізгі факторлары экономиканың базалық салаларындағы өндірістік белсенділік және және инвестициялардың өсуі болды.

Өңдеу өнеркәсібі 3,6 %-ға өсті. Салалар бөлінісінде өндірістің өсуі машина жасауда 10,8 %-ға, оның ішінде автомобиль жасауда – 21,9 %-ға және электр жабдықтары өндірісінде – 23,8 %-ға, тамақ өнімдері өндірісінде – 6,4 %-ға, сусындар өндірісінде – 11 %-ға, мұнай өңдеу өнімдерінде – 1,5 %-ға, химия өнеркәсібінде – 13,6 %-ға, жеңіл өнеркәсіпте – 5,6 %-ға, пластмасса бұйымдары өндірісінде – 4,8 %-ға қамтамасыз етілді.

Сонымен бірге тау-кен өнеркәсібінде өндіріс көлемінің аздап (0,9 %-ға) төмендеуі байқалды.

Ауыл шаруашылығында өнімдердің (көрсетілетін қызметтердің) жалпы шығарылымы 9,1 %-ға өсті.

Құрылыста өсу 10,2 %-ға жетті. Бұл ретте тұрғын үй құрылысы көлемінің төмендеуі байқалады. 19 млн ш.м тұрғын үй пайдалануға берілді, бұл 2021 жылғы деңгейден 7,4 %-ға аз.

Бұдан басқа, елдегі экономикалық белсенділіктің қолайлы жағдайы негізгі капиталға инвестициялардың өсуі болды. Олардың көлемі 15,3 трлн теңгеге дейін 9,2 %-ға өсті. Осындай өсудің ынталандырушы факторы индустриялық-инновациялық және инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру болды. Инвестициялар үшін тау-кен өндіру саласы және жылжымайтын мүлікпен операциялар (тұрғын үй құрылысы) тартымды болып қала береді. Сонымен қатар мемлекеттік басқару мен қорғаныста – 2,3 есеге, құрылыста – 71,9 %-ға, денсаулық сақтау және әлеуметтік көрсетілетін қызметтерде – 36,3 %-ға, білім беруде – 29,3 %-ға инвестицияның айтарлықтай өскені байқалды.

Тауар нарықтарындағы құбылмалылықтың күшеюіне қарамастан, сыртқы сауда айналымы тұрақты өсу үрдісін сақтауда. Жыл қорытындысы бойынша сыртқы сауда айналымының көлемі 33,2 %-ға өсіп, 135,5 млрд АҚШ долларын құрады. Мұнайдың қолайлы бағасы және азық-түлік тауарлары, машиналар мен жабдықтар, металдар мен химия өнімдері экспортының өсуі есебінен экспорт 40,2 %-ға (84,6 млрд АҚШ доллары) өсті. Импортталатын тауарлардың құн көлемінің қымбаттауы көп жағдайда импорттың 23 %-ға (50,9 млрд АҚШ доллары) өсуіне ықпал

етті. Оң сауда теңгерімі 33,7 млрд АҚШ долларын құрады.

Іскерлік белсенділік аясында экономиканы кредиттеудің 33,9 %-ға өсуі байқалды.

2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша елдің халықаралық резервтері 2022 жылдың басына қарай 1,2 %-ға өсіп, 90,8 млрд АҚШ долларын құрады. Алтын-валюта активтері 35,1 млрд АҚШ долларына дейін 2 %-ға, Ұлттық қордың шетел валютасындағы активтері 55,7 млрд АҚШ долларына дейін 0,7 %-ға өсті.

Халықтың орташа жан басына шаққандағы ақшалай табысы 171,6 мың теңгені құрады және номиналды мәнде 20,2 %-ға өсті, нақты мәнде – 0,1 %-ға төмендеді. Орташа айлық жалақы 309,9 мың теңгені құрады, нақты мәнде ол 7,6 %-ға өсті.

Еңбек нарығында тұрақты жағдай сақталуда. Жұмыссыздық деңгейі 4,9 %-ды құрады.

Жылдық инфляция 20,3 %-ды құрады. Азық-түлік тауарларының бағасы 25,3 %-ға, азық-түлік емес тауарлар – 19,4 %-ға, ақылы көрсетілетін қызметтер – 14,1 %-ға өсті. Инфляциялық қысымды күшейтетін негізгі факторлар жаһандық процестерге және сұраныс пен ұсыныстың теңгерімсіздігіне байланысты сыртқы факторлар болды.

2022 жылғы есептік және болжамды деректердің алшақтығын талдау

2022–2026 жылдарға арналған ӘЭДБ-ге сәйкес *(Қазақстан Республикасының Үкіметі 2021 жылғы 24 тамызда мақұлдаған, № 27 хаттама)* 2022 жылы экономиканың өсуі 3,9 % деңгейінде болжанды.

Әлемдік экономикада және елде қалыптасқан ахуалды ескере отырып, 2022 жылғы 1-тоқсанның қорытындысы бойынша Болжамға 2022 жылғы сәуірде өзгеріс енгізілді *(Үкіметтің 2022 жылғы 5 сәуірдегі отырысының № 12 хаттамасы)*. Осылайша, 2022 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан ЖІӨ-нің нақты өсуі 2,1 % деңгейінде бағаланды.

Болжамды экономикалық өсу қарқынының төмендеуі геосаяси жағдайдың нашарлауына және әлемдік жеткізу тізбектерінің бұзылуына, сондай-ақ қаңтар оқиғалары, мұнай өндіру көлемінің төмендеуі және КҚК құбыры арқылы мұнай экспортының ықтимал қысқаруына байланысты тәуекелдер сияқты бірқатар ішкі факторлардың ықпал етуіне байланысты болды.

Сонымен қатар Қазақстанның ЖІӨ-інің өсу болжамын төмендету кезінде халықаралық қаржы ұйымдарының геосаяси белгісіздік, инфляциялық қысымның артуы, жеткізулердегі іркілістер аясында әлемдік экономиканың және негізгі сауда әріптестерінің өсу перспективаларының нашарлауы жөніндегі 2022 жылға арналған бағасы ескерілді.

2022 жылы ЖІӨ-нің өсуі 3,2 %-ды құрады, бұл мақұлданған болжамды мәннен 1,1 п.т. жоғары.

Негізгі үрдістер: көрсетілетін қызметтер секторындағы, нақты сектордағы өсу; экспорттың жоғары өсу қарқыны есебінен сауда теңгерімін нығайту; құрылыс пен көрсетілетін қызметтер өндірісіндегі жоғары инвестициялық белсенділік болды.

Өндірістік және әлеуметтік объектілерді, тұрғын үйлерді, көлік және инженерлік инфрақұрылымды, жел электр станцияларын салу (*Жетісу, Алматы облыстары*) есебінен негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 9,2 %-ға өсті.

Өнеркәсіп өндірісінің көлемі 1,2 %-ға өсті. Болжамды мәнге (0,1 п.т.) қол жеткізбеу тау-кен өндіру өнеркәсібіндегі өндірістің 0,9 %-ға төмендеуіне байланысты болды.

Тау-кен өндіру өнеркәсібінде болжамды мәнге қол жеткізбеу мұнай өндіру көлемінің 1,9 %-ға (1,5 млн тоннаға), сондай-ақ көмір өндіру көлемінің 0,2 %-ға және металл кендерін өндіру көлемінің 0,3 %-ға қысқаруына байланысты 1,2 п.т. құрады.

Өңдеу өнеркәсібі 3,6 %-ға өсті, бұл химия өнеркәсібі өндірісінің – 13,6 %-ға, машина жасауда – 10,8 %-ға, тамақ өнімдерінде 6,4 %-ға өсуі есебінен болжамды мәннен 0,7 п.т. жоғары.


Ауыл шаруашылығы өнімін шығару 9,1 %-ға өсті. Қолайлы ауа райы жағдайларына, тиісінше дәнді және бұршақ дақылдарының (2021 жылғы деңгейден 34,7 %-ға жоғары) жоғары өнімділігінің арқасында болжамды мән 4,6 п.т. асып түсті.

Құрылыс саласындағы өндіріс көлемі жұмыс істеп тұрған объектілерді жаңғырту және зауыттар, тұрғын үй және әлеуметтік объектілер, сондай-ақ инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым мен автомобиль жолдарын салу (*Шымкент қ., Ақмола мен Алматы облыстары*) есебінен 3,8 % болжамды мәнге қарағанда 10,2 %-ға өсті.

2022 жылы көлік саласында көрсетілетін қызметтер көлемі 1,3 %-ға (болжамды мәннен -2 п.т.) өсті.

Өз кезегінде сауда 4,6 %-ға өсті (болжамды мәннен +4,6 п.т.). Өсу көтерме саудада сату қарқынының 2,2 %-ға және бөлшек саудада 5,8 %-ға артуына негізделді.

1-сурет. Өсім (төмендеу) қарқыны мен болжамды және нақты деректердің арасындағы алшақтық, %-бен



Қазақстан экономикасының ағымдағы даму серпіні

2023 жылғы қаңтар-маусымда ЖІӨ-нің өсуі 5,1 %-ды құрады. Өсу тауарлар өндірісінің 4,8 %-ға, көрсетілетін қызметтер өндірісінің 4,9 %-ға ұлғаюы есебінен қамтамасыз етілді.

Өнеркәсіп өндірісі 3,8 %-ға өсті, оның ішінде өңдеу өнеркәсібі – 3,5 %-ға, тау-кен өндіру өнеркәсібі – 3,7 %-ға өсті.

Өңдеу өнеркәсібінің қарқынына машина жасаудағы өндірістің – 28,8 %-ға, оның ішінде автомобиль жасауда – 40,1 %-ға, электр жабдықтарында – 34,9 %-ға, азық-түлік өнімдерінде – 5,3 %-ға, сусындар өндіруде – 6,6 %-ға, мұнай өңдеу өнімдерінде – 1,9 %-ға, химия өнеркәсібі өнімдерінде – 3,5 %-ға, жеңіл өнеркәсіпте – 24 %-ға, резеңке және пластмасса өнімдерінде – 7,8 %-ға өсуі ықпал етті.

Ауыл шаруашылығында өнімдердің (көрсетілетін қызметтердің) жалпы шағарылымы 3,2 %-ға ұлғайды.

Құрылыс жұмыстарының көлемі 12,3 %-ға артты. 7,4 млн ш.м астам тұрғын үй пайдалануға берілді, бұл 2022 жылғы сәйкес кезеңнің деңгейінен 11,8 %-ға жоғары.

Негізгі капиталға салынған инвестициялардың көлемі 13,1 %-ға ұлғайды.

Инвестициялар кәсіби, ғылыми және техникалық қызметте (60,4 %-ға), мемлекеттік басқару және қорғаныста (46,4 %-ға), тұру және тамақтану бойынша қызмет көрсетуде (17,8 %-ға), денсаулық сақтауда және әлеуметтік көрсетілетін қызметтерде (50,9 %-ға), білім беруде (21,5 %-ға), саудада (32,2 %-ға), көлік және қоймалауда (56,8 %-ға), ауыл шаруашылығында (22,1 %-ға) айтарлықтай өсті.

Елдің халықаралық резервтері 2023 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша ағымдағы жылдың басына қарағанда 3,8 %-ға өсіп, 94,2 млрд АҚШ долларын құрады. Алтын-валюта активтері 34,5 млрд АҚШ долларына дейін 1,8 %-ға төмендеді, Ұлттық қордың шетел валютасындағы активтері 59,8 млрд АҚШ долларына дейін 7,3 %-ға ұлғайды.

Халықтың жан басына шаққандағы ақшалай табыстары 2023 жылғы маусымда 174 мың теңгені құрады және номиналды мәнде 15,6 %-ға, нақты мәнде 0,9 %-ға өсті.

Орташа айлық жалақы 2023 жылғы 2-тоқсанда 365,5 мың теңгені құрады және номиналды мәнде 17,1 %-ға, нақты мәнде 1,2 %-ға артты.

2023 жылғы маусымда инфляция жылдық мәнде 14,6 %-ды құрады. Азық-түлік тауарларының бағасы 14,6 %-ға, азық-түлік емес тауарлардың бағасы 15,8 %-ға, ақылы көрсетілетін қызметтердің бағасы 13,3 %-ға өсті.

Ағымдағы жағдайды ескере отырып, 2023 жылы ЖІӨ-нің өсуі 4,7 % деңгейінде бағаланады. 2023 жылы номиналды ЖІӨ 119,1 трлн теңге деңгейінде болжануда. Жан басына шаққандағы ЖІӨ 13,3 мың АҚШ доллары деңгейінде бағаланады.

Өнеркәсіп көлемінің өсуі 4,9 %, ауыл шаруашылығында – 3,1 %, құрылыста –

7 %, көлікте – 5 %, саудада – 5,4 % деңгейінде күтілуде.

Экспорт көлемі 79,7 млрд АҚШ долларына дейін, импорт 59,2 млрд АҚШ долларына дейін өседі деп күтілуде.

Инфляция 7,5-9,5 % дәлізінде айқындалды. Инфляция деңгейін бақылау және төмендету жөніндегі 2023–2024 жылдарға арналған шаралар кешенін іске асыру, қатаң ақша-кредит саясатын жүргізу есебінен бағаны тұрақтандыру инфляция деңгейін бірте-бірте қысқартуға ықпал ететін болады.

Жетекші халықаралық кредиттік агенттіктер Moody's, Fitch және Standard&Poor's Қазақстанның экономикалық өсу серпініне оң баға бере отырып, Қазақстанның тәуелсіз кредиттік рейтингін «Тұрақты» деген болжаммен инвестициялық сенімділік деңгейінде растады.

II. Әлеуметтік-экономикалық даму болжамы

Елдің әлеуметтік-экономикалық дамуын болжамдау сыртқы және ішкі факторлардың өзгеруі ескеріліп жүзеге асырылады.

Экономиканың даму перспективалары

Сыртқы даму факторлары

Әлемдік экономика айтарлықтай геосаяси күйзелістерге ұшырады, жаһандық сипаттағы бірқатар жағымсыз факторларға тап болды. Россия мен Украинаның қақтығысы жаһандық ауқымдағы теріс салдарды туындатты.

Жетекші халықаралық қаржы ұйымдары әлемдік экономиканың одан әрі даму перспективаларына қатысты барынша сақтық танытып отыр. Сарапшылар жоғары инфляция, ақша-кредит саясаты мен кредиттеу шарттарының қатаюы аясында әлемдік экономиканың өсуінің баяулауын болжайды.

Дүниежүзілік банк тәуекелдер тепе-теңдігін нашарлау жағына қарай көбірек бағалайды. Қатаң әлемдік қаржы конъюнктурасы және сыртқы сұраныстың төмендеуі дамушы нарық пен дамушы экономикалардағы экономикалық өсуге теріс әсер ететін болады. Жағдайдың нашарлау тәуекелдеріне банк секторындағы тұрақсыздықтың күшеюі және ақша-кредит саясатының қатаюы жатады.

Алайда, сарапшылардың пікірінше, Шығыс Азия мен Тынық мұхиты аймағында, сондай-ақ Еуропа мен Орталық Азияда экономикалық өсудің жеделдеуі күтілуде, ал бірқатар ірі экономикаларда өсу перспективаларының жақсаруы байқалады. Керісінше, барлық басқа аймақтарда экономикалық өсудің баяулауы болжануда. Көптеген аймақтарда теріс факторлардың әсері әлсіреген сайын экономиканың жандануы болжанады.

Осыған байланысты Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуына теріс әсер етуі мүмкін бірқатар сыртқы тәуекелдерді бөліп көрсетуге болады.

Геосаяси жағдайдың нашарлауы. Геосаяси қарсылық және Ресейге қарсы санкциялық шектеулер әлемдік экономикалық белсенділіктің баяулауына айтарлықтай әсер етуде.

АҚШ, Еуропалық Одақ, Ұлыбритания және басқа да бірқатар елдердің санкциялық қысымды қатаңдатуы Ресей әріптес елдерінің экономикаларына ықтимал тәуекелдерді тудырады.

Геосаяси фрагментация. Геосаяси жағдай және онымен байланысты халықаралық санкциялар әлемдік экономиканы блоктарға бөлуде және АҚШ пен Қытай арасындағы сауда дауы сияқты бұрыннан бар геосаяси шиеленісті күшейтуде. Фрагментация капиталдың, жұмысшылар мен халықаралық төлемдердің трансшекаралық қозғалысының жаңа шектеулермен сүйемелдеуімен күшейіп, жаһандық қоғамдық игіліктерді қамтамасыз ету ісінде көпжақты ынтымақтастыққа кедергі келтіруі мүмкін. Бұзылған трансшекаралық ағындарды ауыстыру үшін уақыт талап етілетіндіктен, мұндай фрагментацияның салдарлары әсіресе, қысқа мерзімде ерекше жоғары болады.

Инфляцияның сақталуы. Геосаяси жағдайға байланысты мұнай, газ және азық-түлікке деген бағалардың болжамдалған мөлшерден артық болуы немесе Қытайдың өсу қарқынының тез қалпына келуі жалпы инфляцияның қайта өсуіне және негізгі инфляцияға әсер етуі мүмкін. Оқиғаның бұлайша өрбуі тіркелген инфляциялық болжамдардың әлсіреуіне әкелуі және одан да қатаң ақша-кредит саясатын қажет етуі мүмкін.

Күрделі борыштық ахуал. Бағалау бойынша, табысы төмен елдердің шамамен 15 %-ы күрделі борыштық жағдайда, тағы 45 %-ы күрделі борыштық жағдайдың жоғары тәуекеліне ұшырауда және қалыптасушы нарықтағы елдердің шамамен 25 %-ды да жоғары тәуекелге ұшырауда. Пандемияға байланысты жоғары борыш деңгейлерінің, өсу қарқынының неғұрлым төмендеуі мен борыш алу құнының артуы бірігіп, бұл елдердің, әсіресе долларлық қаржыландыруға айтарлықтай қысқа мерзімді қажеттіліктері бар елдердің осалдығын арттырады.

Қытайдың өсуінің баяулауы. Жылжымайтын мүлік нарығындағы терең дағдарыс құрылыс салушылардың кең ауқымды дефолт тәуекелдері мен соның салдарынан болатын қаржы секторының тұрақсыздығына байланысты болатын осалдықтың негізгі көзі болып қала береді. Қайталама әсерлер әлемнің қалған бөлігіне негізінен сұраныстың төмендеуі және жеткізу тізбегіндегі мәселелердің қайта жандануы арқылы әсер етеді.

Дамудың сценарийлік шарттары

Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық даму сценарийлерін қалыптастыру үшін әлемдік экономиканың өсу перспективаларымен қатар Brent маркалы мұнайдың әлемдік бағасының серпіні, сондай-ақ әлемдік қаржы нарықтарындағы ахуал ескеріледі.


Жетекші халықаралық ұйымдардың болжамдарына сәйкес әлемдік экономиканың даму перспективалары жақсарту жағына қарай қайта қаралды.

Мәселен, ХВҚ 2023 жылғы шілдедегі болжамда 2023 жылғы сәуірдегі болжаммен салыстырғанда әлемдік экономиканың өсуін 2023 жылғы 2,8 %-дан

3,0 %-ға дейін көтерді және 2024 жылда 3 % деңгейінде өзгеріссіз қалды. Дүниежүзілік банк 2023 жылғы қаңтармен салыстырғанда 2023 жылғы маусымда әлемдік экономиканың күтілетін өсуін 1,7 %-дан 2,1 %-ға дейін көтерді. БҰҰ сондай-ақ 2023 жылғы мамырда 2023 жылғы қаңтардағы болжамға қарағанда 2023 жылы әлемдік экономиканың күтілетін өсуін 1,9 %-дан 2,3 %-ға дейін көтерді.

ХВҚ-ның, Дүниежүзілік банктің және БҰҰ-ның консенсус-болжамына сәйкес әлемдік экономиканың өсуі 2022 жылда 3,3%-дан 2023 жылда 2,5 %-ға дейін баяулайды және 2024 жылы 2,6 % дейін ұлғаяды.


2-сурет. Әлемдік экономиканың өсуі жөніндегі болжам



Экономикасы дамыған елдерде өсу қарқыны 2022 жылғы 2,7 %-дан 2023 жылы 1,5 %-ға дейін айтарлықтай төмендейді деп күтілуде.

Елдер бөлінісінде 2022 жылы экономиканың айтарлықтай өсуі Еуроаймақта 3,5 % байқалады. ЖІӨ-нің өсуі АҚШ-та – 2,1 %-ды, Қытайда – 3 %-ды, Ресей Федерациясында – -2,1 %-ды құрады.

3-сурет. ХВҚ-ның жекелеген елдердің өсуі жөніндегі болжамы



Қазақстанның негізгі сауда әріптестерінің даму перспективаларын қарастыра отырып, АҚШ пен Еуроаймақты қоспағанда, Қытай мен Ресейде 2023-2024 жылдары экономикалық өсу қарқынының артуы күтілетінін атап өткен жөн.

Ресейдің экономикалық өсу болжамы 2023 жылы 1,5 %, 2024 жылы – 1,3 % деңгейінде күтілуде.

Еуроаймақта 2023 жылы экономиканың өсу қарқыны 0,9 % деңгейінде, одан әрі 2024 жылы 1,5 %-ға дейін өседі деп күтілуде.

2023 жылы АҚШ экономикасының өсуі 1,8 % деңгейінде, одан кейін 2024 жылы 1 %-ға дейін төмендейді деп болжануда.

ҚХР экономикасының өсуі 2023 жылы 5,2 %-ға дейін артып, 2024 жылы 4,5 %-ға дейін баяулайды.

Жалпы дамыған елдерде ЖІӨ өсімі төмен деп болжануда, экономикалық көрсеткіштердің ұзақ мерзімді тоқырау үрдісі сақталады. Бұл ретте дамушы елдерде экономиканың жылдам өсуі байқалатын болады.

Мұнай нарығында баға әлемдегі геосаяси жағдайдың өзгеруіне байланысты дамып келеді. 2023 жылғы қаңтарда Brent маркалы мұнайдың бағасы барреліне 83,9 АҚШ долларын, ақпанда барреліне 83,5 АҚШ долларын, наурызда барреліне 79,1 АҚШ долларын, сәуірде барреліне 83,4 АҚШ долларын, мамырда барреліне 75,7 АҚШ долларын, маусымда барреліне 74,9 АҚШ долларын құрады. 2023 жылғы 2-тоқсандағы орташа баға барреліне 80,1 АҚШ долларын құрады, бұл өткен жылғы деңгейден 23,4 %-ға төмен (*2022 ж. 2-тоқсан – барреліне 104,6 АҚШ доллары*).

Бұл ретте ХҚҰ-ның 2023 жылға Brent маркалы мұнайдың бағасы бойынша болжамы барреліне 73 АҚШ долларынан 96 АҚШ долларына дейін, 2024 жылға барреліне 71,7 АҚШ долларынан 91 АҚШ долларына дейін түрленеді.

ХВҚ-ның шілдедегі болжамына сәйкес мұнайдың бағасы 2023 жылы барреліне 76,4 АҚШ доллары, 2024 жылы – барреліне 71,7 АҚШ доллары деңгейінде болжануда.

ДБ маусымдағы болжамда мұнайдың бағасын 2023 жылы барреліне 80 АҚШ доллары, 2024 жылы – барреліне 82 АҚШ доллары деңгейінде болжайды.

АДБ және ЕАДБ мұнайдың бағасы 2023 жылы барреліне 88 және 82 АҚШ доллары, 2024 жылы мұнайдың бағасы барреліне 80 және 77 АҚШ доллары болады деп болжайды.

Әлемдік қаржы нарықтарында АҚШ-тың банк жүйесіндегі соңғы күйзелістер жаһандық қаржы жағдайларының күрт әрі ұзаққа созылуына әкеп соғады деген елеулі тәуекел бар. Бұл бизнес пен тұтынушылардың сенімін одан әрі төмендетеді. Төмендетудің қосымша тәуекелдері жеке және мемлекеттік борыштың тарихи тұрғыдан жоғары деңгейлері аясында орталық банктің мөлшерлемелерді синхронды түрде арттыруынан болатын күтілгенге қарағанда анағұрлым қатаң тежегіш әсерді қамтиды. Қарыздар бойынша анағұрлым жоғары шығындар мен

өсудің анағұрлым төмен қарқынын үйлестіру нарығы қалыптасып келе жатқан елдер мен дамушы елдерде жүйелі борыш дағдарысына әкелуі мүмкін.

Сонымен қатар инфляция анағұрлым жоғары болуы мүмкін, бұл ақша-кредит саясатын одан әрі қатаңдатуға әкеледі.

Берешек деңгейінің өсуі, инфляция және қаржы нарығының құбылмалылығы жағдайында директивті органдарда, әсіресе кіріс деңгейі төмен елдерде жаңа теріс күйзелістердің орнын өтеу мүмкіндігі шектеулі.

Қазақстан экономикасының дамуына әсер ететін әртүрлі сыртқы және ішкі факторларды ескере отырып, бесжылдық кезеңге арналған әлеуметтік-экономикалық дамуды болжамдау үш сценарий бойынша жүзеге асырылады.

Базалық сценарий әлемдік экономиканың өсу қарқынының біртіндеп ұлғаюын, инфляциялық аяның төмендеуін, қаржы және тауар нарықтарының тұрақтануын көздейді. Экономикасы дамыған елдерде (*АҚШ, Еуроаймақ*) іскерлік белсенділіктің қалыпты өсу қарқынымен артуы күтілуде. Дамушы елдерде жаһандық экономикалық процестердегі өзгерістерге бейімделу және жаңа экономикалық және логистикалық байланыстар құру орын алады.

Оптимистік сценарий әлемдік экономиканың даму көрсеткіштерінің жақсаруын білдіреді. Әлемдік нарықтардағы неғұрлым қолайлы ахуал және жаһандық жеткізу тізбегінің бұзылуын азайту жаһанданудың жаңа жағдайларын қалыпқа келтіруге және оған жылдам көшуге әкеледі. Бұл процестер дамыған елдерде де, дамушы елдерде де экономикалық белсенділіктің қарқынды өсуіне әкеледі.

Пессимистік сценарий дамушы елдердің құбылмалылыққа бейімделу процесінің баяулауына және сауда-санкциялық қарама-қайшылықтардың шиеленісуіне байланысты қолайсыз жағдайдың басталуымен сипатталады. Тауарлардың тапшылығы, көрсетілетін қызметтердің шектеулі болуы және белгісіздіктің шамадан тыс деңгейі төмен тәуекелді инвестициялау стратегиясына итермелейді, бұл экономикалық белсенділік пен қалпына келу процестерінің өсуін айтарлықтай тежейді.

Қазақстан экономикасы дамуының макроэкономикалық параметрлерін болжамдаудың базалық сценарийі барреліне 80 АҚШ доллары деңгейіндегі мұнай бағасына сүйене отырып есептелген.

Нәтижесінде экономиканың орташа жылдық өсуі 5,8 %-ды, оның ішінде тауарлар мен көрсетілетін қызметтер өндірісінің өсуі орта есеппен тиісінше 4,8 % және 6,3 % деңгейін құрайды.

Тауар экспорты 2024 жылы 83,1 млрд АҚШ долларына жетеді және 2028 жылы 94,8 млрд АҚШ долларына дейін өседі деп күтілуде. Бұл ретте импорт 60,7 млрд АҚШ долларын құрап, 2028 жылы 65,6 млрд АҚШ долларына дейін өседі.

1-кесте. Әртүрлі сценарийлер кезіндегі ел экономикасының параметрлері

Сценарий	2024	2025	2026	2027	2028
Экономиканың өсуі, өткен жылға %					
Базалық	105,3	105,6	106,0	106,0	106,0
Оптимистік	106,1	106,6	106,1	106,8	107,3
Пессимистік	103,4	103,9	103,2	103,7	104,1
Тауарлар экспорты, млрд АҚШ доллары					
Базалық	83,1	89,7	88,9	91,8	94,8
Оптимистік	89,3	96,6	95,6	99,0	102,3
Пессимистік	70,6	75,5	74,7	76,9	79,1
Тауарлар импорты, млрд АҚШ доллары					
Базалық	60,7	61,3	62,5	64,0	65,6
Оптимистік	62,0	63,2	65,8	67,9	69,1
Пессимистік	45,2	49,6	56,4	60,3	61,6
Республикалық бюджеттің кірістері, млрд теңге					
Базалық	16 124,0	17 372,2	18 404,5		
Оптимистік	16 455,1	17 877,6	18 847,7		
Пессимистік	14 986,7	16 229,3	17 379,3		

Экономиканың өсуі бюджет кірістерінің (трансферттерді есепке алмағанда) ұлғаюына оң әсер етеді. 2024 жылы түсімдер 16 124,0 млрд теңге көлемінде күтілуде және 2026 жылы 18 404,5 млрд теңгеге дейін өседі.

Оптимистік сценарий мұнай бағасы барреліне 90 АҚШ доллары деңгейіндегі болжаммен есептелген.

ЖІӨ-нің орташа жылдық өсуі 6,6 %-ды құрайды, оның ішінде тауарлар өндірісінің өсуі орта есеппен 5,7 %-ды, көрсетілетін қызметтер өндірісінің өсуі 7 %-ды құрайды.

Биржалық тауарлар нарығындағы оң жағдайдың сақталуы және азық-түлік өнімдері бағасының өсуі қазақстандық экспорттың кеңеюіне оң әсерін тигізеді. Оптимистік сценарийде тауарлар экспортының көлемі 2024 жылғы 89,3 млрд АҚШ долларынан 2028 жылы 102,3 млрд АҚШ долларына дейін ұлғаяды. 2024 жылы импорт көлемі 62 млрд АҚШ доллары деңгейінде күтіледі және 2028 жылы 69,1 млрд АҚШ долларына дейін өседі.

Экономика салаларындағы шығарылымның жоғары өсуі республикалық бюджет кірістерінің ұлғаюына ықпал етеді.

2024 жылы бюджет кірістері 2026 жылы 16 455,1 млрд теңгеге дейін өсумен 18 847,7 млрд теңге көлемінде күтілуде.

Пессимистік сценарий кезінде мұнай бағасы барреліне 60 АҚШ долларын құрайды. Экономиканың орташа жылдық өсуі 3,7 %-ға дейін, тауарлар мен көрсетілетін қызметтер өндірісі тиісінше 3 %-ға және 3,5 %-ға дейін баяулайды.

Әлемдік сұраныстың азаюы және тауар нарықтарындағы бағаның төмендеуі қазақстандық экспортқа кері әсерін тигізеді. Тауарлар экспорты 2028 жылы 79,1 млрд АҚШ долларына дейін ұлғаюмен 2024 жылы 70,6 млрд АҚШ долларын құрайды. 2024 жылы импорт көлемі 45,2 млрд АҚШ доллары деңгейінде, 2028 жылы 61,6 млрд АҚШ доллары деңгейінде күтілуде.

Экономикалық дамудың баяулауы бюджет кірістерінің өсуін тежейді. 2024 жылы кірістер 2026 жылы 14 986,7 млрд теңгеге ұлғаюмен 17 379,3 млрд теңгені құрайды.

Ел экономикасының қалыптасып отырған даму үрдістерін және әлемдік экономикадағы жағдайды ескере отырып, болжамды макроэкономикалық және бюджет параметрлерін қалыптастыру кезінде **базалық сценарий** негізге алынады.

Пессимистік сценарий басталған жағдайда макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету, экономика мен ШОБ-тың нақты секторын қолдау, сондай-ақ халықты әлеуметтік қамсыздандыру жөніндегі іс-шараларды қамтитын экономикалық белсенділікті ынталандыру шараларын іске асыру болжанады. Бұл ретте орын алған рецессияның сипатына және ахуалдың мониторингіне байланысты шаралар қайта қаралуға және экономиканың өзекті жай-күйіне бейімделуге жатады.

Базалық сценарий кезіндегі экономикалық өсу факторлары

Базалық сценарий бойынша Қазақстан экономикасы тұрақтандыру және жылдам өзгерістерге және көліктік, сол сияқты қаржылық ағындардың халықаралық саудасы мен логистикасын жүргізудің жаңа қағидаттарына бейімделу аясында дамитын болады.

2028 жылға дейін экономикалық өсуді қолдау факторы түпкілікті тұтыну шығыстарының жоғары серпіні болады, олардың орташа жылдық өсуі 6,5 %-ды құрайды. Жалпы жинақтаудың орташа жылдық өсу қарқыны 8,4 % деңгейінде күтіледі, тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің таза экспортының қарқыны жылына 2,2 % құрайды.

2-кесте. 2024–2028 жылдарға арналған түпкілікті пайдалану әдісімен есептелген ЖІӨ құрамдаушының болжамды көрсеткіштері, өткен жылға қатысты %-бен

	2023	2024	2025	2026	2027	2028
	Бағалау	Болжам				
Түпкілікті тұтыну әдісімен есептелген ЖІӨ	104,6	105,3	105,6	106,0	106,0	106,0
Түпкілікті тұтыну шығысы	105,8	105,7	106,2	107,0	106,8	106,8
үй шаруашылығы	105,3	105,9	106,4	107,4	107,2	107,1

<i>басқару органдары</i>	108,3	105,3	105,5	106,1	106,0	105,9
<i>үй шаруашылығына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдар</i>	104,3	100,0	100,0	100,0	100,0	100,0
Жалпы жинақтау	106,0	113,1	112,9	105,7	105,2	105,3
Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің таза экспорты	96,9	102,1	102,0	101,7	102,5	102,7

Базалық сценарий кезіндегі экономика салаларының өсу болжамы

Базалық сценарий бойынша Қазақстан экономикасы әрі көлік, әрі қаржы ағындарының халықаралық саудасы мен логистикасын жүргізудің өзгерістері мен жаңа негіздерін тұрақтандыру және оған бейімделу аясында дамитын болады.

Экономика салаларының даму болжамы: Қазақстан экономикасының нақты өсуінің орташа жылдық қарқыны – **5,8 %**.

АӨК: жылдық орташа өсу – **4,5 %**.

АӨК-ті одан әрі дамыту климаттың өзгеруіне бейімделген жоғары және тұрақты өнімділігі мен рентабельділігі бар орнықты қарқынды өсімдік шаруашылығын құру есебінен қамтамасыз етілетін болады. Егіс алқаптарының құрылымын әртараптандыру, отандық өндірістің жоғары сапалы тұқымдарын пайдалануды ұлғайту, суармалы жерлердің алаңдарын кеңейту және суарудың су үнемдейтін технологияларын кеңінен енгізу, сондай-ақ машина-трактор паркінің жаңару қарқынын жеделдету арқылы өндіріс факторларын пайдаланудың жоғары экономикалық тиімділігіне қол жеткізілетін болады.

Мал шаруашылығын дамытудың орнықтылығын арттыру: малды молықтырудың озық технологияларын енгізу, жайылымдық алқаптардың өнімділігін арттыру және жаңа жайылымдарды игеру; мал шаруашылығы өнімдерінің экспорттық нарықтарын дамыту жолымен берік жемшөп базасын, малдың генетикалық әлеуетін құру және жасыл өсу қағидаттары негізінде қазіргі заманғы технологияларды енгізу негізінде құрылатын болады.

Өнеркәсіп: орташа жылдық өсу – **4,0 %**.

Тау-кен өнеркәсібі: орташа жылдық өсу – **3,1 %**.

Негізінен тау-кен өнеркәсібінің өсуі мұнай өндіруді 2024 жылы 95,4 млн тоннадан 2028 жылы 102 млн тоннаға дейін ұлғайту есебінен қамтамасыз етілетін болады.

Өңдеу өнеркәсібі: орташа жылдық өсу – **4,9 %**.

Өңдеу өнеркәсібінің орнықты және сапалы даму көрсеткіштері бәсекелестік артықшылықтарды күшейту үшін қосылған құны жоғары тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің экспортына бағдарлана отырып, өнімділік пен сапаның өсуі болады. Күш-жігер проактивті сауда саясатын жүргізуге, нарықтық және инновациялық ортаны, технологиялар трансфері жүйесін, сапалы өнеркәсіптік және цифрлық инфрақұрылымды, адами капиталды, құзыреттер орталықтарын, Қазақстанның жаһандық нарықтағы позицияларының сынақ және сертификаттау инфрақұрылымын дамытуға бағытталатын болады.

2024–2028 жылдар аралығында салада өңдеу өнеркәсібінде еңбек өнімділігінің өсуін 1,4 есеге – 55,7-ден 75,5 мың АҚШ долларына дейін ұлғайту жоспарлануда, жалпы қосылған құн көлемін 1,5 есеге – 17,8-ден 28,2 трлн теңгеге дейін ұлғайту жоспарлануда, негізгі капиталға инвестициялардың өсуін 1,3 есеге – 2,4-тен 3,3 трлн теңгеге дейін ұлғайту болжануда.

Азық-түлік өнімдері мен сусындар өндірісінің өсуі ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеуді дамыту арқылы ынталандырылатын болады. Бұл бағытта инвестициялық салымдар кезінде шығындардың бір бөлігін субсидиялау және негізгі және айналым қаражатын толықтыруға арналған кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау, жаңа нарықтар ашу жолымен ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеудің экспорттық әлеуетін арттыру арқылы қайта өңдеу өндірістерін құруға және жаңғыртуға бағытталған іс-шаралар көзделген.

Тоқыма бұйымдарын, **киім-кешек** пен **былғары** өнімдерін өндіру көлемінің өсуі жұмыс істеп тұрған өндірістерді жүктеу есебінен болжанады. Сонымен қатар, **жеңіл өнеркәсіп** өнімін өндіру көлемінің жыл сайынғы өсуіне қарамастан, ішкі нарықтың қамтамасыз етілуі небәрі 9 % құрайды.

Құрылыс материалдарын өндіру саласы үшін қосылған құны жоғары тауарларды дамыту да стратегиялық маңызды болып табылады. Саланың бұл сегменті импортқа тәуелді болып қала береді.

Құрылыс: орташа жылдық өсу – **8,8 %**.

Сапалы және жайлы тұрғын үйдің қолжетімділігін арттыру мақсатында 2024-2028 жылдар аралығында барлық қаржыландыру көздері бойынша 79,5 млн шаршы метр тұрғын үй салу жоспарланған.

Республикалық маңызы бар 13 мың шақырымға жуық автожолдар мен 2,5 мың шақырым жаңа теміржол желілерін салуды және реконструкциялауды қоса алғанда, ірі инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру жоспарланған.

Жылумен, сумен жабдықтау және су бұру желілерінің тозуын 2024 жылғы 49 %-дан 2028 жылға қарай 42 %-ға дейін төмендету, жыл сайын 14 мың км жылумен, сумен жабдықтау және су бұру желілерін қайта жаңарту жоспарлануда.

Көрсетілетін қызметтер саласы: орташа жылдық өсу – **6,3 %**.

Қазақстандағы қызмет көрсету секторы ел экономикасына елеулі үлес қосып, ЖІӨ-нің 52,6 % құрайды. Сектор сауда, көлік, телекоммуникация, қаржы, жылжымайтын мүлік және мемлекеттік басқару сияқты көптеген қызмет түрлерін қамтиды.

Көрсетілетін қызметтер секторының өсуіне негізгі әсер **сауда** саласына тиесілі болады, оның орташа жылдық қарқыны **7,4 %-ды** құрайды.

Көлік және қоймалау саласындағы көрсетілетін қызметтердің өсуі орта есеппен **6 %-ды** құрайды. Геосаяси «турбуленттілік» жағдайында ЕАЭО-ның бірқатар елдері сыртқы сауданы қайта бағдарлауға және жаңа логистикалық маршруттарды дамытуға мәжбүр. Бұл ретте көліктік өзара байланыстың дәстүрлі

логистикалық тізбектерінің бұзылуы «Солтүстік – Оңтүстік» және ТХКБ дәліздерінің рөлі едәуір артатын мемлекеттер арасындағы орнықты өсу мен экономикалық байланыстардың нығаюының негізгі факторына айналады.

Көлік әлеуетін кеңейту сауда ағындарының негізгі бағыттарында шекараларға жақын заманауи сауда-логистикалық хабтардың пайда болуы есебінен қамтамасыз етілетін болады. Қытаймен шекарада «Қорғас торабы» кешені, Ресеймен – «Еуразия» трансшекаралық сауда орталығы, Қырғызстанмен – индустриялық сауда-логистикалық кешені (ИСЛК), Өзбекстанмен – «Каспий торабы» контейнерлік хабы, сондай-ақ халықаралық өнеркәсіптік кооперация орталығы ашылады.

Таяудағы 5 жылда Қазақстан арқылы өтетін көліктік-логистикалық дәліздер жүк ағындары құрылымындағы болжамды өзгерістерді және геосаяси және экономикалық «турбуленттілік» жағдайында ішкі және транзиттік тасымалдарға өсіп келе жатқан сұранысты ескере отырып, экономиканың көлік қызметтеріне қажеттілігін толық көлемде қамтамасыз ететін болады.

Ақпарат және байланыс қызметтері орта есеппен **7,8 %** деңгейінде өсетін болады, бұл экономика секторларын цифрландыруға және интернет желісіне жоғары жылдамдықпен қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін талшықты-оптикалық байланыс желілерін салуға байланысты.

Ақша-кредит саясаты көрсеткішінің болжамы

Ұлттық Банк орта мерзімді кезеңде **депозит** бойынша 2028 жылы 61,1 трлн теңгеге дейін өсу болжануда, оған экономиканың өсуі және халық табысының тиісті өсуі ықпал ететін болады.

Қорландыру көзі ретінде депозиттік базаның өсуі **экономиканы кредиттеуді** қолдайтын болады, бұған экономика мен халық табысының өсуі аясында халық пен бизнес тарапынан сұраныстың өсуі де ықпал ететін болады.

ЕДБ кредиттеудің орташа жылдық өсу қарқыны болжамды кезеңде 15 % деңгейінде күтіледі, 2028 жылға қарай номиналды мәнде 49,3 трлн теңгеге дейін өседі.

2030 жылға дейінгі ақша-кредит саясаты стратегиясына сәйкес инфляцияның нысаналы бағдары 2026–2028 жылдары 5 % маңында белгіленген.

Төлем теңгерімі көрсеткішінің болжамы

Тауар экспорты 2024 жылғы 83,1 млрд АҚШ долларынан 2028 жылы 94,8 млрд АҚШ долларына дейін өседі.

Орта мерзімді перспективада тауар экспортының өсуі мұнай өндіру көлемінің ұлғаюымен, уран бағасының болжамды өсуімен және оны өндіруді ұлғайту жоспарларымен, сондай-ақ ферроқорытпалар өндірісінің ұлғаюымен қамтамасыз етілетін болады.

Болжанатын кезеңде **импорт** 2028 жылы 65,6 млрд АҚШ долларына жетеді.

Импорттың өсуі халық пен бизнестің шетелдік тауарларға сұраныстың

артуымен сақталатын болады.

Әлеуметтік сала көрсеткішінің болжамы

Жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру орта мерзімді перспективада еңбек ресурстарының сапалы өсуіне және жұмыссыздықтың 4,6 %-ке дейін төмендеуіне ықпал ететін болады.

Орта мерзімді кезеңде табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен халықтың үлесі 5 %-ке дейін төмендейді, күнкөріс деңгейі 53 514 теңгеге дейін ұлғаяды.

Ең төменгі жалақы мөлшері 70 000 теңге деңгейінде сақталады.

Ең төменгі зейнетақы мөлшері 76 898 теңгеге дейін артады. Базалық зейнетақы төлемінің ең төменгі мөлшері 2028 жылда 37 460 теңгеге дейін ұлғаяды.

III. Экономикалық саясаттың негізгі бағыттары

Мемлекет басшысының «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауы аясында белгіленген тапсырмаларды ескере отырып жаңа экономикалық саясат (*Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 5 сәуірдегі № 275 қаулысымен бекітілген*) қабылданды. Бұл ретте негізгі мақсат өзгеріссіз қалады – азаматтардың әл-ауқатының сапалы және инклюзивті өсуі.

Орта мерзімді кезеңде барлық ресурстар ұлттық қауіпсіздікті, заңның үстемдігін қамтамасыз ету, адами капиталды дамыту, базалық инфрақұрылымды кеңейту, өңірлік даму, экономикалық процестерді үйлестіру және реттеу жөніндегі стратегиялық функцияларды іске асыруға шоғырланатын болады.

Жаңа экономикалық саясаттың негізгі басымдықтары адал бәсекелестікке, сапалы инвестицияларды белсенді тартуға, технологиялық трансферт пен адами капиталдың жоғары деңгейіне негізделген ашық және болжамды экономикалық даму моделін құруға бағытталған.

Бұл ретте Көміртегі бейтараптығына қол жеткізудің 2060 жылға дейінгі стратегиясы біртіндеп қайта құрудың іргетасы болады, оған сәйкес Қазақстан экономиканы көміртексіздендіруді жүргізіп, жаңа өсу драйверлерін құру үшін экономикалық дамудың тұрақты төмен көміртексіз моделін құруы қажет.

Қойылған мақсатқа жету үшін барлық қабылданатын шаралар макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етуге, экономиканы әртараптандыруға, цифрландыруға, шағын және орта бизнесті, адами капиталды дамытуға бағытталатын болады.

Макроэкономикалық тұрақтылық

Экономикалық саясат мақсатына қол жеткізудің негізгі шарты макроэкономикалық тұрақтылық болып табылады. 2008-2009 жылдары әлемдік қаржы дағдарысы уақыт өте келе осалдықтар жинақталатынын және сыртқы күйзеліс жағдайында елеулі теріс салдарға әкелетінін көрсетті, сондықтан осы осалдықтарды анықтап, оларды барынша азайту жөніндегі жұмыс күшейтілетін болады. Ол үшін теңгерімді салық-бюджет, ақша-кредит және салалық саясатты, сондай-ақ қаржы секторын дамыту саясатын жүргізу жалғастырылады.

Коронавирустық пандемияның зардаптарынан қалыпқа келу, бірақ геосаяси ахуалдың ушығуы жағдайында **үнемділік пен жауапкершілік қағидаттарына негізделген бюджет саясатының жаңа сапалы моделін** әзірлеу қажеттігі артты.

Оның негіздері негізгі құжаттар – Қазақстан Республикасының мемлекеттік қаржысын басқарудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасында (*ҚР Президентінің 2022 жылғы 10 қыркүйектегі № 1005 Жарлығы*) және әзірленіп жатқан жаңа Бюджет кодексінің жобасында қаланды.

Макроэкономикалық тұрақтылықты және мемлекеттік қаржының теңгерімділігін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттердің басымдығын ескере отырып, Тұжырымдамаға сәйкес 2022 жылдан бастап бюджеттің кіріс бөлігін нығайту, мемлекеттік шығыстарды оңтайландыру және оларды басым бағыттарға шоғырландыру жолымен мемлекеттік қаржының орнықтылығын арттыруға бағытталған бюджеттік саясаттың тәсілдерін үдемелі іске асыру, Ұлттық қор қаражатының жинақталуын қалпына келтіру, борыштық саясатты қайта қарау басталды.

Алдағы жоспарлы кезеңге арналған бюджет пен Ұлттық қордың параметрлерін есептеу кезінде бюджеттік қағидаларды одан әрі қолдану (2023–2025 жылдарға арналған бюджетті қалыптастыру кезінде де қолданылды) Қазақстан Республикасының тұжырымдамасында және 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарында белгіленген бастапқы берілген бюджеттік параметрлерге біртіндеп қайтаруды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.



Бюджеттік қағидаларды қатаң сақтау аясында бюджет саясатының түйіні бюджеттік параметрлерден мемлекеттік қаржыны шоғырландыру және басқару негіздерін кеңейтуге ауысады.

Бюджет қаражатының едәуір үлесі бюджеттен тыс қорлар, квазимемлекеттік секторды дамыту институттары арқылы жұмсалатынын ескере отырып, бюджет саясаты мемлекеттің барлық қаржы ресурстары мен активтерін шоғырландыруға және оларды басқаруға бағытталған.

Екі бюджеттен тыс қорды (МӘСК және ӘМСҚ) шоғырландырудан және Білім беру инфрақұрылымын қолдау қоры есебінен шоғырландыру периметрін кеңейтуден басқа, шоғырландырылған қаржылық есептілік 2027 жылдан бастап квазимемлекеттік сектор субъектілерінің есептілігін енгізу арқылы кеңейтіледі.

Осыны ескере отырып, озық халықаралық практикаға сәйкес мемлекеттік жоспарлардың статистикасын үйлестіру жөнінде шаралар қабылдануда.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті институционалдық қамтуды кеңейту мемлекеттік қаржы параметрлерінің тұрақтылығына әсер ететін тәуекелдерді бағалауды талап етеді.

2021 жылдан бастап ЭЫДҰ елдерінің тәжірибесіне және ХВҚ ұсынымдарына сәйкес Бюджеттік тәуекелдер және мемлекеттік қаржының ұзақ мерзімді тұрақтылығы туралы есебі шеңберінде макроэкономикалық және фискалдық тәуекелдердің бюджеттік параметрлерге әсерін бағалау жүзеге асырылуда.

2023 жылы шоғырландыру жөніндегі шараларды ескере отырып, алдағы 5 жылға арналған кемінде 6 макроэкономикалық сценарий базасындағы Бюджеттік тәуекелдер және мемлекеттік қаржының ұзақ мерзімді тұрақтылығы есебі туралы талдамалық есепте квазимемлекеттік сектордың, қаржы секторының, МЖӘ саласындағы міндеттемелер мен тәуекелдерді қоса алғанда, Үкімет өзіне қабылдайтын тәуекелдерге байланысты туындайтын тікелей және шартты

міндеттемелер де ашылатын болады,.

Есептің ұзақ мерзімді бөлігінде 2050 жылға дейінгі траекторияны құра отырып, бюджеттік параметрлерді демографиялық болжамдардың, еңбек өнімділігінің, климаттың өзгеруінің (көміртекті бейтараптық сценарийі) өзгеру сценарийі әсер еткен кезде бюджеттік орнықтылыққа қол жеткізу тұрғысынан ұзақ мерзімді бағалау жүзеге асырылады.

Қазақстан үшін бюджеттік тәуекелдерді басқару және мемлекеттік қаржының ұзақ мерзімді орнықтылығын бағалау жүйесін енгізу бюджет процесінде қазіргі уақытта қолданылатын стратегиялық жоспарлауға маңызды қосымша болып табылады.

Бұл фискалдық тәртіпті қамтамасыз ету бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстың дәйектілігі мен тұтастығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді және Парламент пен жұртшылыққа Үкімет жүргізіп отырған бюджет саясатының тиімділік дәрежесін бағалауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар 2023 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің бастамасы бойынша ЭЫДҰ-ға кіруді қоса алғанда, дамыған 30 мемлекеттің қатарына кіру жөніндегі міндеттерді ескере отырып, Қазақстанның қаржылық басқару саласындағы жүргізіліп жатқан реформаларының ХВҚ-ның Салық-бюджет саласындағы ашықтық кодексінде айқындалған халықаралық стандарттарға сәйкестігін бағалау мақсатында ХВҚ-ға бағалау жүргізілді.

Бағалау қаржылық есептілікті қамту, салық-бюджет саласындағы тәуекелдер туралы ақпаратты ашу, оларды талдау және басқару мәселелерінде одан әрі жетілдіру үшін резервтердің болуын анықтады.

Осылайша, орта мерзімді кезеңдегі бюджет саясатының негізгі бағдары бюджеттік қағидаларды қатаң сақтау, Ұлттық қор қаражатын қалыптастыру мен пайдалануға қойылатын талаптарды күшейту, кіріс базасының, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің есептілігін қамтамасыз ету, бюджет жүйесінің шынайылық қағидатын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін жаңа құжаттарды қабылдау есебінен салық-бюджет саясатын жүргізу үшін берік негіздерді құруды жалғастыру болып табылады.

Бұл ережелер блоктық бюджет элементтері мен нәтижелерді басқару құралдары (мониторинг, шығыстарды шолу, нәтижелерді бағалау) есебінен бюджет қаражатын жоспарлау мен пайдаланудың тиімділігін арттыру жөніндегі шаралармен сүйемелденетін болады.

Салық саясаты шеңберінде салық салу шарттарының тұрақтылығы мен ашықтығы, цифрлық технологияларды кеңінен пайдалана отырып, салық міндеттемелерін орындаудың қарапайымдылығы қамтамасыз етілетін болады.

Фискалдық реттеуді қайта жүктеу мақсатында жаңа Салық кодексі қабылданады, онда:

салық салынатын базаны кеңейтуге бизнесті ынталандыруға баса назар аударып, бюджетке төленетін салықтар мен төлем жинақтарын күшейту;

жүктемені анағұрлым жоғары табысты салаларға ауыстыру және халықтың бай топтарынан түсетін табысты күшейту;

резидент еместерді қоса алғанда, салаларға жүктемелерді бөле отырып, кірістерге салық салудың халықаралық тәжірибесін имплементациялау.

Мұның бәрі Мемлекет басшысының түсінікті, болжамды және ашық салық жүйесін қалыптастыру жөніндегі тапсырмаларына байланысты болады.

Көлеңкелі экономиканы ЭБДҰ елдерінің деңгейіне дейін төмендетуге және капиталды елден заңсыз әкетуге жол бермеуге ерекше назар аударылатын болады.

«Бір терезе» қағидаты бойынша фитосанитариялық, ветеринариялық, санитариялық-эпидемиологиялық, радиациялық бақылау және техникалық реттеу жүргізе отырып, интеграцияланған кедендік бақылау енгізілетін болады.

Ақша-кредит саясатының мақсаты елдегі бағалардың тұрақтылығын қамтамасыз ету болып табылады. Осыған байланысты Ұлттық Банктің күш-жігері орта мерзімді перспективада жылдық инфляцияны 5%-ға жақын ұстауға бағытталатын болады.

Ақша-кредит саясатының негізгі құралы инфляцияның нақты және болжамды деңгейіне және басқа параметрлерге байланысты белгіленген базалық мөлшерлеме болып қала береді. Базалық мөлшерлеме бойынша шешімдер экономиканың сыртқы және ішкі секторларындағы ахуалдың одан әрі дамуына, инфляциялық күтулердің қарқынына және бағаның өсуін тежеу бойынша Үкіметтің іске асыратын шараларының тиімділігіне байланысты болады.

Ұлттық Банк инфляциялық таргеттеу қағидаттарын ұстануды және дезинфляциялық ақша-кредит саясатын жүргізуді жалғастырады. Валюталық саясат шеңберінде Ұлттық Банк теңгерімсіздіктердің жинақталуын болдырмай, сыртқы күйзелістерді сіңіретін және бір мезгілде елдің алтын-валюта резервтерін ұтымды пайдалануға мүмкіндік беретін икемді бағам қалыптастыруды одан әрі ұстанатын болады.

Ұлттық Банк ақша-кредит саясатының ашықтығын арттыруға бағытталған шараларды қабылдауды жалғастырады. Белсенді коммуникацияға базалық мөлшерлеме жөніндегі шешімдер мен қойылған мақсаттарға қол жеткізуге ықпал ететін басқа да іс-шараларды түсіндіру кіреді.

Қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін макропруденциалдық саясатты іске асыру, барлық қаржы нарығы секторларында тәуекелге бағдарланған тәсілге негізделген кешенді қадағалау процесін дамыту арқылы қаржы секторының сыртқы күйзелістерге тұрақтылығын арттыру жөніндегі жұмыс жалғастырылатын болады.

Базель банктік қадағалау комитетінің, Сақтандыру қадағалаудың халықаралық қауымдастығының (IAIS), Халықаралық бағалы қағаздар комиссиясы ұйымының (IOSCO) негізгі қағидаттары мен ұсынымдарына сәйкес келетін қаржылық реттеу саласындағы үздік халықаралық тәжірибелерді енгізу жөніндегі жұмыс жалғастырылатын болады.

Тәуекелге бағытталған қадағалау шеңберінде SREP (Supervisory Review and Evaluation process) моделі аясында AQR тұрақты және стресс-тестілеу құралдарын пайдалана отырып негізгі тәуекелдерді талдау жалғастырылатын болады. Екінші деңгейдегі банктердің ең төменгі капитал жеткіліктілігіне қадағалау үстемесі енгізіледі, онда SREP қадағалау бағалауының нәтижелері, сондай-ақ қадағалау стресс-тестілеу нәтижелері бойынша ағымдағы және ықтимал шығындар ескерілетін болады.

Стрестік активтер нарығын дамытуға жәрдемдесу мақсатында проблемалық активтерді іске асыру бойынша цифрлық платформалар мен инфрақұрылым құру бөлігінде бастамаларды іске асыру жалғастырылады, сондай-ақ банктер мен микроқаржы ұйымдарының цифрлық платформада стрестік активтерді сатуы жөніндегі талаптар белгіленетін болады.

Жүйелік тәуекелдерді төмендету үшін кепілсіз тұтынушылық кредиттеуді реттеуді қатаңдату және халықтың борыштық жүктемесінің шамадан тыс өсуін шектеу бойынша жұмыс жалғасады.

Сақтандыру секторын дамыту және оның әлеуетін күшейту мақсатында сақтандырудың міндетті түрлерін жетілдіру, оның ішінде сақтандыру қызметтерін тұтынушылардың мүлктік мүдделерін қорғауды күшейту бөлігінде жұмыс жалғастырылады, сақтандыру өнімдерінің тізбесі кеңейтіледі және сақтандыру қызметтерін цифрландыру жалғастырылады. ХҚЕС реттеушілік тәжірибесіне 17 «Сақтандыру шарттары» және Solvency II еуропалық төлем қабілеттілігі стандарты элементтерін енгізу жөніндегі жұмыс жалғастырылатын болады.

Қор нарығын дамыту оның экономиканы қаржыландырудағы рөлін жандандыруға, институционалдық және бөлшек сұранысты күшейтуге, эмитенттерді қор нарығына шығуға ынталандыруға және ондағы ұсынысты арттыруға, нарық инфрақұрылымын және оны цифрландыруды одан әрі дамытуға бағытталатын болады. Бағалы қағаздар нарығына қатысушылардың тәуекелдерін және олардың қаржылық тұрақтылығын бағалау, бағалы қағаздар нарығындағы жосықсыз практикалардың жолын кесу рәсімдерін және осы бағыттағы тәсілдерді жетілдіру жөніндегі жұмыс жалғасады. Сондай-ақ, инвесторлардың құқықтарын тиімді қорғауды қамтамасыз ету шараларын күшейту жалғасады.

Экономика салаларын дамыту

Ел дамуының экономикалық әлеуеті өндірістік-өнеркәсіптік және ресурстық құраушы бөліктер болып табылады. Қызмет көрсету секторына мультипликативтік әсері бар өңдеу өнеркәсібі мен агроөнеркәсіптік кешенге баса назар аудара отырып, әртараптандырылған экономика құру экономикалық саясаттың басымдығы болып қала береді.

Агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың мемлекеттік саясаты еңбек өнімділігін екі жарым есеге арттыруға, АӨК өнімінің экспортын екі есеге ұлғайтуға және отандық өндірістің ӘМАТ-пен қамтамасыз ету арқылы саланың бәсекеге

қабілеттілігін арттыруға бағытталған АӨК дамытудың 2021–2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы және АӨК дамыту жөніндегі 2021–2025 жылдарға арналған ұлттық жоба шеңберінде іске асырылатын болады.

Жер пайдаланушылар арасында түсіндіру жұмыстарын жандандыру және жер заңнамасы талаптарының орындалуын бақылауды күшейту есебінен өсімдік шаруашылығында әртараптандыру қамтамасыз етіледі. Бұл монодақылдар, суды көп қажет ететін дақылдар (күріш, мақта) алаңдарын оңтайландыру және баламалы жоғары рентабельді дақылдарды (майлы, дәнді-бұршақты, жармалық, жемдік-астық, көкөніс-бақша, жемшөп және т.б.) кеңейту, бұл олардың өндірісін ұлғайтуға ықпал етететін болады.

Селекциялық-асыл тұқымдық жұмысты жетілдіру үшін өндіріске жануарларды ДНҚ-талдау және геномдық бағалау әдістемесі кеңінен енгізілетін болады.

Дамыған елдердің тәжірибесін пайдалана отырып және стратегиялық трансұлттық компанияны тарта отырып, етті мал шаруашылығын жедел дамыту жөнінде жүйелі шаралар қабылданатын болады.

Сүт-тауарлық фермалар желісін және құс етін өндіру жөніндегі қуаттылықты дамыту бойынша жұмыс жалғасады.

АӨК техникалық паркін жедел жаңарту үшін ауыл шаруашылығы техникасын сатып алуды мемлекеттік қолдау шаралары жетілдірілетін болады.

Саладағы субсидиялау жүйесі субсидиялардың түрлері мен санын оңтайландыру, оның ішінде тауарға тән субсидиялардың барлық түрлерінің толық күшін жою арқылы реформаланатын болады.

Өнімді арзандатуға бағытталған субсидиялау көлемі оларды төмен пайыздық мөлшерлеменен жеңілдікті кредиттеуге ауыстыра отырып қайта қаралатын болады.

Кепілді қамтамасыз ету ретінде ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді жалға алу құқығын пайдаланудың жаңа тетіктерін енгізу есебінен кредиттік ресурстардың қолжетімділігі артады.

Ауыл шаруашылығы жерлерін суарудың жалпы алаңын кеңейту, суару арналары мен су қоймаларын салу және реконструкциялау арқылы оларды климаттың өзгеруіне бейімдеу жөніндегі жүйелі шараларды іске асыру жалғасады.

Геология саласын дамыту саясаты геологиялық барлауға жеке инвестициялар ағынын ынталандыру, саладағы құзыреттер мен ғылыми практика деңгейін арттыру үшін құрылған базада институционалдық, ғылыми-ақпараттық және ұйымдастырушылық мәселелерді шешуге бағытталатын болады.

Мұнай-газ секторын дамыту ірі кен орындарында мұнай өндіру көлемін арттыруға, сондай-ақ ішкі нарықтың мұнай өнімдеріне қажеттілігін қамтамасыз етуге, мұнай тасымалдаудың экспорттық бағыттарын әртараптандыруға бағытталған.

Бұдан басқа, жоғары өндірілген және игерудің соңғы сатысындағы мұнай-газ кен орындарын игеруді ынталандыру мәселесі пысықталуда, Ірі мұнай-газ және

мұнай-газ химиясы жобаларын дамытудың 2023–2027 жылдарға арналған кешенді жоспары қабылданатын болады.

Газ саласының жұмыс істеуі Газ саласын дамытудың 2026 жылға дейінгі кешенді жоспары шеңберінде жүзеге асырылатын болады, онда газ ресурстарын ұлғайту, газ бағасын тежеудің мемлекеттік саясатын ескере отырып, ішкі нарықты қамтамасыз ету, газ саласын басқару реформаларын іске асыру жөніндегі шаралар көзделеді. Газ тасымалдау жүйесін және халықты газдандыруды одан әрі дамыту өзектілендірілген Қазақстан Республикасын газдандырудың 2022–2030 жылдарға арналған бас схемасында айқындалған.

Энергетикалық қуатты дамытуды нысаналы пайымдау электр энергиясын генерациялауға, жаңа электр станцияларын салуға және қолданыстағы қуаттарды қолдауға бағытталған. Энергетикалық кешенді жоспарлы орнықты дамыту жөніндегі жұмыс 2035 жылға дейінгі энергетикалық теңгерім шеңберінде жүргізілетін болады, оған сәйкес жаңа қуаттылықтардың шамамен 2 есеге өсуі күтіледі.

Бұдан басқа, Ұлттық электр желісін жаңғырту, оның ішінде Батыс және Оңтүстік аймақтардың энергия жүйесін күшейту, Батыс аймақты Бірыңғай электр энергетикасы жүйесіне қосу бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Атом өнеркәсібін дамыту шеңберінде реакторға дейінгі ядролық отын циклі сатысында инвестициялау мүмкіндіктері зерделенуде, олар қосылған құнның ұзақ мерзімді және елеулі өсуін қамтамасыз ете алады.

Индустриялық саясат геосаяси және экономикалық процестердің өзгеруіне бейімделе алатын өңдеу секторы кәсіпорындарының бәсекеге қабілеттілігін ынталандыру жағдайларын жасауға бағытталған.

Индустрияландырудың бірыңғай картасы жобаларын іске асырудың арқасында жаңа өндірістік қуаттарды ашу, жоғары қайта бөлу салаларын жедел дамыту, шикізаттық емес экспортты ұлғайту және шикізаттық емес секторларға тікелей шетелдік инвестицияларды тарту есебінен экономиканы әртараптандыру жалғасатын болады.

Мемлекеттік өнеркәсіптік саясат Қазақстан Республикасының Өңдеу өнеркәсібін дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы шеңберінде іске асырылатын болады. Индустрияландырудың мемлекеттік саясатының негізгі бағыттары технологиялық прогрессивті өнеркәсіпті құру, негізгі қорларды жаңғырту, жеткізудің жаһандық тізбегіне енгізуге бағдарлана отырып, орта және жоғары қайта бөліністер өнімдерін жасауға бағдарланған кәсіпорындарды цифрлық трансформациялау болып табылады.

Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарының негізгі бағыттарына сәйкес мемлекеттік өнеркәсіптік саясатта қосылған құны жоғары экспортқа бағдарланған экономиканы құруға баса назар аударылатын болады.

Қара металлургияда дамудың басымдықтары ауыр машина жасау үшін

магний-хромдық болат қорытпаларын қолдана отырып, композиттік қорытпалардың жаңа түрлерін, **түсті металлургияда** автомобиль жасау мен авиация өнеркәсібінде қолдануға арналған титан мен кремний қосылған алюминий қорытпаларын өндіру болып табылады.

Машина жасау саласында жалпы алғанда отандық өндірісті оқшаулау стратегиялық бағыт болып табылады, бұл экономикалық және технологиялық қауіпсіздікке, елдің геосаяси және макроэкономикалық өзгерістерден тәуелсіздігіне қол жеткізуге ықпал етеді.

Көмір өнеркәсібінде жаңа бағыттар дамитын болады, көмірді байыту және терең қайта өңдеу бойынша заманауи технологиялар енгізіледі.

Химия өнеркәсібінде агрохимияны дамыту жалғасатын болады. Азотты тыңайтқыштар мен полимерлер өндірісі перспективалы бағыттарға айналады.

Құрылыс саласында құрылыс материалдарының бәсекеге қабілетті отандық нарығын қалыптастыруға баса назар аудару қажет екені айқындалды.

Ішкі нарықты отандық өндірістің неғұрлым сұранысқа ие құрылыс тауарларымен (санфаянс, ламинатталған жабын, шыны жүн, керамикалық тақталар, ішкі есіктер, жылу оқшаулағыш материалдар) қамтамасыз ету, сондай-ақ әлемдік нарықта сұранысқа ие бірегей сипаттамалары бар (мысалы, хризотил және хризотил цемент бұйымдарын өндіру) Қазақстанда өндірілетін тауарларды ілгерілету жөніндегі жұмыс жалғасатын болады.

Фармацевтика саласын дамыту қолданыстағы өндірістерді жаңғырту және жаңа өндірістер салу, саланы кадр ресурстарымен қамтамасыз ету және жобаларды іске асыру үшін инвестициялар тарту есебінен елдің отандық дәрілік препараттарға қажеттілігін қанағаттандыруға бағытталатын болады.

Жаһандық фармацевтикалық корпорациялармен (Big Pharma) ынтымақтастық және инвестициялар тарту, отандық дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар өндірісіне технологиялар мен жаңа әзірлемелерді трансферттеу жөніндегі белсенді шаралар оның көлемін ұлғайтуға ықпал ететін болады.

Коммерциялық сегментті дамытудың негізінде **жеңіл өнеркәсіпті** дамыту перспективасы жатыр. Сектор бұл аспектіде маркетингі, дизайнды, дистрибуцияны дамытуға, сондай-ақ дайын өнімді, киім мен аяқ киім саласындағы ұлттық брендтерді өндіруге бағытталатын болады.

Туристік саланы дамыту Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасымен байланысты.

Тұжырымдаманы іске асыру шеңберінде саладағы жұмыспен қамту 2028 жылға дейін 740 мың адамға дейін артады.

Халықтың көп бөлігі арасында кәсіпкерлік қызмет мәдениеті, отбасылық, шағын және орта бизнесті жүргізу, оның ішінде басым туристік аумақтарда зәкірлік туристік жобаларды іске асыру есебінен дамитын болады.

Қазақстанға ішкі және келуші туристер саны жоспарлы көрсеткіштерге

жетеді, келуші туристер санының ұлғаюына байланысты «Сапарлар» сыныптамасы бойынша көрсетілетін қызметтер экспорты артады.

Мемлекет салаға инвестициялар тарту үшін қолайлы жағдайлар жасайды, оның өсуі тұру және тамақтану көрсетілетін қызметтерінде шамамен 220 млрд теңгеге жетеді.

Басым туристік аумақтар сапалы инженерлік-көліктік және туристік инфрақұрылыммен қамтамасыз етілетін болады. Туристік орындарда туристердің қажеттіліктерін қанағаттандыруды қамтамасыз ету мәселесі шешілетін болады.

Әуежайларды, теміржол вокзалдары мен автостанцияларды қоса алғанда, туристің жүру жолында жайлылық, сондай-ақ туристік объектілерге қолжетімділік қамтамасыз етіледі, жол бойындағы сервистің заманауи объектілері орнатылатын болады. Көлік-логистикалық инфрақұрылымның барлық негізгі объектілерінде Интернет желісіне қол жеткізумен мобильді байланыс желісімен тұрақты қамту қамтамасыз етіледі, бұл туристер үшін цифрлық онлайн-сервистердің кең желісін ұсынуға мүмкіндік береді.

Еліміздің барлық өңірлерінен негізгі туристік дестинацияларға ұшулар жолға қойылады. Елдің курорттық аймақтарына апаратын бағыттар бойынша жолаушылар вагондарының саны артатын болады. Туристік өнімдердің ассортименті мен сапасы жеткілікті болады, орналастыру орындарында және туристік объектілерде сервис халықаралық стандарттарға сәйкес келеді, турист жоғары сапалы қызмет алады.

Туристік нарықтағы бәсекелестікті арттыратын, сондай-ақ субъектілер арасындағы саладағы өзара іс-қимылды жеңілдететін цифрлық құралдар енгізілетін болады.

Ел белсенді елдік маркетинг есебінен өңірлік және әлемдік нарықтарда танылатын болады.

Сауда саласын дамытудың мақсаты нарықтағы жоғары сапалы өнімді молайтатын және экспорттық тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін заманауи сауда жүйесін құру және дамыту болып табылады.

Көлеңкелі экономика деңгейін төмендету, сауданың әртүрлі форматтарын (сауда желілерін, нарықтарды және өркениетті сауданың басқа да форматтарын) дамыту және ішкі сауда саласында жоғары көрсеткіштерге қол жеткізу үшін мемлекет пен бизнестің әріптестігі негізінде дамуды ынталандыруға бағытталған саланы қаржылық және қаржылық емес қолдаудың мемлекеттік саясаты қайта қаралатын болады.

Өндірістен сөреге дейінгі толық циклдегі ЭМАТ қадағалаудың және таңбалаудың ақпараттық жүйесі болып табылатын Тауарларды ұлттық қадағалап отыру жүйесі азық түлік хабының негізгі платформасы болады, ол ауыл шаруашылығы өнімдерін өткізу нарығын айтарлықтай кеңейту үшін бірыңғай экожүйені құра отырып, елдің сауда инфрақұрылымына интеграцияланатын

болады.

Бұдан басқа, биржа саудасын одан әрі дамыту бойынша шаралар кешені іске асырылатын болады.

Электрондық сауданы дамыту мынадай: ШОБ субъектілерін онлайн бизнеске көшуге ынталандыру, жеткізу қызметі мен логистикалық сервистерді дамыту, сондай-ақ трансшекаралық электрондық сауданы дамыту сияқты үш бағыт бойынша жүргізілетін болады.

Шикізаттық емес экспортты дамыту шеңберінде қазақстандық экспорттаушылар үшін өтеу, сақтандыру, кепілдіктер мен субсидиялар беру арқылы, сондай-ақ қаржылық емес құралдар, қолдау бағдарламалары, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің шетелдік мекемелерін тарту, экспорттық әлеуеті жоғары көрсетілетін қызметтерді дамыту, халықаралық қауіпсіздік пен сапа талаптарына жауап беретін жаңа ұлттық стандарттарды қабылдау арқылы қаржылық қолдау көрсету шаралары қабылданатын болады.

Бизнес-ахуал және бәсекелестік

Экономикалық өсу драйверлерінің және азаматтардың әл-ауқатын арттыру көздерінің бірі кәсіпкерлікті одан әрі дамыту болып табылады.

Кәсіпкерліктің барынша еркін болуын қалыптастыру үшін өзекті емес және негізсіз реттеу талаптары бизнеске арналған жаңа ықшамды және түсінікті қағидаларға ауыстыра отырып ауқымды қысқарту жалғасатын болады, «таза парақтан» толыққанды реттеу енгізілді.

Мемлекет пен бизнестің өзара іс-қимылының барлық рәсімдері, оның ішінде реттеу талаптары цифрландырылатын болады.

Мемлекеттік бақылауды автоматтандыру арқылы тексеру мен жазалаудан құқық бұзушылықтың алдын алуға көшу жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қолдау құралдарына қолжетімділік ашық және объективті рейтингтер мен өлшемшарттар негізінде цифрлық шешімдерді пайдалану арқылы ұсынылатын болады. Бұл транзакциялық шығындарды айтарлықтай азайтады, шешім қабылдаудың ашықтығын арттырады және әкімшілік кедергілерді қысқартады. Қаржылық қолдаудың негізгі өлшемшарттары еңбекақы төлеу қорының өсуі және бизнес субъектілерінің салықтық аударымдарының ұлғаюы болады.

Бәсекелестікті қорғау саясаты монополияға қарсы реттеудің алдын алу шараларының басымдылығы, мемлекеттің кәсіпкерлік қызметке қатысуын шектеу, орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың жауапкершілігін арттыру, ақпараттық ашықтық пен анықтық негізінде жүзеге асырылатын болады.

Негізгі бағыттар: негізгі қуатқа қол жеткізу; тауар нарықтарына шығудағы әкімшілік және экономикалық кедергілерді азайту; кәсіпкерлік субъектілерінің мемлекеттік қолдау шараларына тең қолжетімділікті қамтамасыз ету; мемлекеттің қатысатын нарық субъектілерінің үлесін азайту (экономиканы мемлекет иелігінен

алу); бәсекелестікті қорғау және дамыту тетіктерін жетілдіру; шығындарды және ауысу кедергілерін жою болады.

Табиғи монополиялар саласын мемлекеттік реттеу экономикалық және әлеуметтік құрамдас бөліктер арасындағы тепе-теңдікті сақтай отырып, тұтынушылар мен монополистер мүдделерінің теңгеріміне қол жеткізуге бағытталатын болады.

Тарифтік саясатты реформалау үшін генерациялайтын қуаттар мен табиғи монополиялар салаларын дамытуға ықпал ететін **«Тарифті инвестицияларға айырбастау»** деген реттеудің жаңа бағдарламасы енгізіледі.

Жаңа тәсілдерді іске асыру коммуналдық инфрақұрылымды жаңартуға бағытталған, сондай-ақ мыналарды:

тариф есебінен емес, негізінен өз қаражаты есебінен инфрақұрылымға инвестициялар салу бөлігінде монополистердің (операторлардың) қарсы міндеттемелерін;

генерациялайтын қуаттардың, электрмен жабдықтау желілерінің, су құбыры желілерінің жылу коммуникацияларының тозу көрсеткішін кезең-кезеңмен кемінде 15 %-ға төмендетуді;

кәсіпорындарда инновациялық шешімдерді енгізу және жабдықтарды жаңғырту үшін пәрменді ынталандыруларды;

монополистің иелігінде кірістің белгілі бір үлесін сақтауды;

монополист шығындардың бір бөлігін өндірістік персоналға еңбекақы төлеуді арттыруға, шұғыл жөндеу жұмыстарын жүргізуге бағыттаған жағдайларда, оның шығындардың бөліктерін тарифтік сметаның әртүрлі баптары арасында өз бетінше қайта бөлуі мүмкіндігін қамтиды.

Экономиканы монополиясыздандыру бойынша жүйелі жұмыс жалғасады.

«Конгломерат» ұғымы заңнамалық деңгейде айқындалатын болады. Бір-бірімен байланысты нарық субъектілерінің экономикалық шоғырлануы міндетті түрде рұқсат болған жағдайда ғана мүмкін болады.

«Бірыңғай операторлар» институты, оның ішінде өңірлік деңгейде, оларды бәсекелес ортаға беру не тиісті монополияға қарсы реттеуді енгізе отырып, монополист деп тану арқылы реттелетін болады.

Инвестициялық тартымдылық

Қазақстан Республикасы инвестициялық саясатының 2026 жылға дейінгі тұжырымдамасы жаңа трендтерді ескере отырып, жаңа инвестициялық циклді қалыптастыруға және инвестицияларды тарту саясатын қайта қарауға мүмкіндік береді.

Инвестициялық экожүйені одан әрі дамыту мақсатында құқықтық режимді жетілдіру, сот төрелігіне сенім мен ақпаратқа қолжетімділікті арттыру, ведомствоаралық үйлестіруді күшейту, жобалар мен өндірушілерді ілгерілетудің цифрлық құралдарын құру арқылы инвесторлар үшін институционалдық орта мен

инфрақұрылым жетілдірілетін болады.

Қаржыландыруды тарту бойынша шаралар жеке сектордың инвестициялық белсенділігінің өсуіне ықпал етеді; қазақстандық қор нарығын халықаралық капитал нарықтарына интеграциялау және жылжыту және сыртқы портфельдік инвестицияларды тарту; мемлекеттік-жекешелік әріптестіктегі тәсілдерді кешенді реформалау; ESG стандарттарын қолдану үрдісі өсуінің маңыздылығын ескере отырып, орнықты даму жобаларына инвестицияларды ынталандыру.

Экономиканың инвестициялық әлеуетін ашу үшін тиімсіз меншік иелерін ауыстыра отырып, дәрменсіз кәсіпорындардың нарықтан шығуын жеделдету үшін банкроттық рәсімдерін жеңілдету; капиталды ел экономикасына қайтару шартымен рақымшылық жасау; қазақстандық компанияларды шетелдік юрисдикциялар мен оффшорлық аймақтардан АХҚО юрисдикциясына беру (қайта домициляциялау) шаралары көзделген.

Жыл сайынғы негізде әлемдік экономиканың трендтерін талдауды, алынған нәтижелердің қорытындыларын және өңірлердің инвестициялық рейтингін бағалауды, сондай-ақ елдің инвестициялық ахуалын одан әрі жақсарту жөніндегі жүйелі ұсыныстарды қамтитын Инвестициялар жөніндегі ұлттық баяндама қалыптастырылатын болады.

Нәтижесінде, ESG, жаһандық энергетикалық және технологиялық көшу талаптарын күшейту жағдайында елдің инвестициялық тартымдылығын арттыруға бағытталған жүйелі шаралар іске асырылатын болады.

Бюджеттік инвестициялар үшін экономикалық өсуге және халықты жұмыспен қамтуға, сондай-ақ экономикада құрылымдық реформаларды жүзеге асыруға және әлеуметтік, индустриялық-инновациялық инфрақұрылымды құру және халыққа мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыруға бағытталған мемлекеттік бастамаларға мультипликативті әсер ететін секторлардың басымдығы болады.

Бюджеттік инвестициялардың негізгі бағыттары мыналар:

1. Экономиканың өзіне жеткіліктілігін арттыру және шикізаттық емес экспортты ілгерілету үшін экономиканың шектес салаларының экономикалық белсенділігін қолдау арқылы, оның ішінде өнеркәсіптік әлеуетті ашу, ауыл шаруашылығын, көлік-логистикалық кешенді, ТКШ дамыту жолымен экономиканы әртараптандыру және инфрақұрылымдық-инновациялық даму.

2. Табиғат құбылыстары мен техногендік авариялардың алдын алу жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының объектілерін салу мен жаңғырту арқылы азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

3. Білім және ғылым, денсаулық сақтау, туризм және жұмыспен қамту саласындағы ұлттық жобаларды қаржыландыру арқылы әлеуметтік саланы жаңғырту;

4. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет сапасын арттыру және мемлекеттік

функцияларды, оның ішінде цифрландыру саласындағы ұлттық жобаларды және бағдарламалық құжаттарды қаржыландыру есебінен іске асыру болады.

«Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» және «Концессиялар туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын біріктіру арқылы **МЖӘ саласындағы** нормативтік құқықтық реттеу жүйесін реформалау жүргізілетін болады.

Сондай-ақ МЖӘ шарттарының сыныптамасын жаңарту, бірыңғай тәсілдерді енгізу, мемлекеттік мүлікпен жасалған шарттардың басқа түрлерімен араласуға жақын шарттардың түрлерін алып тастау жөніндегі жұмыс жалғасатын болады. Бұл жұмыс МЖӘ саласындағы келісімшарттық жұмысты басқару сапасын арттыруға, сондай-ақ заңнаманы дұрыс қолданбау прецеденттерін төмендетуге ықпал етуге тиіс.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің және МЖӘ шартын жеткіліксіз пысықтау салдарынан жобалардың орындалу мерзімінің бұзылуын азайту мақсатында МЖӘ-нің кейбір салалары мен түрлері бойынша, сондай-ақ оны МЖӘ порталына енгізу бойынша шарттық (келісімшарттық) талаптардың «конструкторы» әзірленетін болады.

Бұдан басқа, МЖӘ жобаларын консультациялық сүйемелдеу бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын айқындау әдістемесі қайта қаралатын болады.

Мемлекеттік әріптестің жауапкершілігін және шартты мемлекеттік міндеттемелердің нақты және жоспарланатын төлемдері туралы ақпараттың ашықтығын арттыру мақсатында МЖӘ жобалары бойынша шартты мемлекеттік міндеттемелерді есепке алу әдістемесі әзірленетін болады.

Сонымен қатар жоспарлау сапасын арттыру және МЖӘ жобаларын табысты іске асыру мақсатында мемлекеттік әріптестердің құзыреті арттырылады, сондай-ақ мемлекеттік әріптестер тарапынан МЖӘ жобаларын іске асыру мониторингінің процестері күшейтіледі.

Цифрландыру және инновация

Отандық IT-нарықты қолдау және дамыту мақсатында цифрлық технологиялардың ел экономикасына қосатын үлесін арттыру жоспарлануда.

IT-мамандарын даярлау үшін қолайлы жағдайлар жасау арқылы IT-саласында адами капиталды дамыту бойынша жұмыстар жүргізілуде, оның ішінде заманауи бағдарламалау мектептерін ашу жоспарлануда.

Өңірлерде инновациялық белсенділікті жандандыру үшін өңірлік IT-хабтар мен технопарктер ашылады. Цифрлық шешімдерді іске асыру үшін «IT-құмсалғышты» құру жұмыстары жүргізілуде.

Цифрлық саланың көрсетілетін қызметтері мен тауарларының экспортын ұлғайту үшін мемлекеттік қолдау шараларын ұсыну жалғасады: IT-компанияларға консультациялар беру, оларды сыртқы нарықтарда ілгерілету үшін ақпараттық-коммуникациялық қызметтердің шығындарын ішінара өтеу,

Астана Хаб алаңында IT көрсетілетін қызметтері мен өнімдерін экспорттау үшін жеделдету бағдарламаларын іске қосу.

Биометриялық сәйкестендіру саласын дамыту, мемлекеттік және қаржылық қызметтерді көрсету кезінде жедел және қауіпсіз алмасуды, дербес деректерге қолжетімділікті қамтамасыз ету көзделуде.

Интернетке мобильді кең жолақты қолжетімділікті қамтамасыз ету бойынша жұмыс жалғасады. Бұл ретте Интернетке қолжетімділік сапасына қанағаттанбау мәселесін шешу үшін 3G, 4G технологиялары мен Интернетке тіркелген қолжетімділіктің ең төменгі сапа параметрлері бекітілді.

«Цифрландыру, ғылым және инновациялар есебінен технологиялық серпіліс» ұлттық жобасына сәйкес 2023–2025 жылдары облыс орталықтарында 5G желісін іске қосу жоспарлануда. 2027 жылға қарай әрбір республикалық маңызы бар қала мен астананы қамту 75 %-ды, облыс орталықтарын қамту 60 %-ды құрайды деп күтілуде.

Бизнесті инновацияларды енгізуге ынталандыру үшін, оның ішінде өңірлерде инновацияларды дамыту үшін «өсу нүктелерін» дамыту арқылы жағдайлар жасалады, онда инноваторларға орналастыру үшін аумақ ұсыныла отырып, әдіснамалық және білім беру қызметтерінің толық спектрі ұсынылатын болады. Бизнес-инкубаторларды, технопарктерді және инновациялық инфрақұрылымның басқа элементтерін дамыту жалғасады.

Бірқатар қазақстандық жобалар, оның ішінде экономиканың басым салаларында халықаралық аналогтарды алмастыра алатын және инновациялардың драйверлері бола алатын, оның ішінде жаһандық деңгейде бола алатын жобалар айқындалатын болады.

Инновацияларды қолдаудың барлық шараларын жинақтайтын, ұлттық инновациялық жүйеге қатысушылар арасындағы өзара іс-қимыл процестерін цифрландыратын және жүргізіліп жатқан мемлекеттік технологиялық саясатты талдау мен бағалаудың сапалы құралдарын қамтамасыз ететін ұлттық инновациялық жүйенің «Бірыңғай терезесін» қалыптастыру жөніндегі жоба іске асырылатын болады.

Адами капитал

Адами капиталдың сапасы халықтың лайықты табысын қамтамасыз ету, білім беру жүйесін кешенді дамыту, ұлт денсаулығын қамтамасыз ету, бұқаралық спортты дамыту, елдің мәдени мұрасын сақтау және дамыту арқылы арттырылатын болады.

Әлеуметтік саясаттың функционалдық міндеттері Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінде шоғырландырылатын болады.

Азаматтардың тұрмыс сапасы мен әл-ауқатын арттыру мақсатында «Халықтың табысын арттырудың 2029 жылға дейінгі бағдарламасы» кешенді жоспары іске асырылуда. Алдағы кезеңдегі негізгі бағыттардың бірі өңірлік

жұмыспен қамту карталары шеңберінде нақты секторда жұмыс орындарын құру, «Ауыл Аманаты» жобасы шеңберінде ауыл халқының табысын арттыру және ШОБ-ты мемлекеттік қолдаудың түрлі шараларын көрсету болады. Бұдан басқа, бюджеттен алынатын жалақыны одан әрі арттыру және азаматтарға цифрлық сервистер арқылы әлеуметтік қолдаудың белсенді шараларын көрсету жоспарлануда.

Отбасының цифрлық картасы және әлеуметтік әмиян енгізіледі, ол проактивті форматта белгіленген әлеуметтік мемлекеттік кепілдіктер беру арқылы отбасылардың әлеуметтік тәуекелдерінің алдын алу жүйесінің негізіне айналады.

Әлеуметтік төлемдерді индекстеу қамтамасыз етіледі және өтініш беру нысанынан әлеуметтік қызметтерді көрсетудің анықтау нысанына көшу жүзеге асырылады.

Еңбек нарығында талап етілетін кәсіби дағдылар мен біліктіліктерді алу, кәсіпкерлікті дамыту және өз ісін ашу үшін жағдай жасау мақсатында 2021–2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобаны іске асыру жалғастырылады. Жұмыспен қамтылған адамдардың жекелеген санаттары, жұмыссыздар және біліктілігі жоқ өзге де адамдар оқыту, талап етілетін кәсіптер мен кәсіпкерлік негіздері бойынша дағдыларды сіңіру, жұмысқа орналасуға жәрдемдесу арқылы нәтижелі жұмыспен қамтуға тартылатын болады.

Жастар кәсіпкерлігін қолдау үшін жеңілдетілген микрокредит берудің жеке тетігі іске қосылады.

Ерекше қажеттіліктері бар жас кәсіпкерлер қосымша гранттық көмекпен қамтамасыз етіледі.

Әлеуметтік қамсыздандыру жүйесі жұмыспен қамтылған азаматтардың әлеуметтік қорғалуын күшейтуге және мемлекет, жұмыс беруші мен жұмыскер арасында жауапкершілікті тепе-тең негізде бөлуге бағытталатын болады. Ол үшін еліміздің барлық азаматтарын қамту үшін зейнетақымен қамсыздандыру мен әлеуметтік сақтандыру жүйесіне параметрлік өзгерістер енгізу жөнінде шаралар қабылданатын болады.

2024 жылдан бастап Мемлекет басшысының «Ұлттық қор – балаларға» бастамасын іске асыру басталады, ол 18 жасқа дейінгі балаларға шот ашуды болжайды, оған кәмелетке толғанға дейін Ұлттық қордың инвестициялық кірісінің 50 %-ы жыл сайын есептелетін болады.

Білім беру жүйесінде білім берудің барлық деңгейінде (*мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік*) білім беру бағдарламаларын жетілдіруге, мектепке дейінгі ұйымдарда 300 мыңнан астам жаңа орын ашуға, ауыл мектептерін жаңғыртуға, мектептерді пәндік кабинеттермен жарақтандыруға, 1,5 млн оқушы орнын енгізуге, жастарды тегін ТЖКБ-мен қамтуды ұлғайтуға, кәсіпорындардың өтінімдері бойынша кадрлар даярлауға, ТЖКБ ұйымдары жанынан 100 бизнес-инкубатор құруға, білім алушылардың ата-аналарымен

жұмысты қайта форматтауға, 100 жаңа қосымша білім беру объектілерін салуға, 50 балалар сауықтыру лагерін ашуға, педагогтердің үздіксіз кәсіби дамуына, жоғары кәсіби педагогтердің республикалық базасын құруға, білім беру басқарушыларының кадрлық резервін қалыптастыруға, білім беру сапасын бағалау жүйесін түрлендіруге ерекше көңіл бөлінетін болады.

Жоғарыда аталған шаралар 2 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға тең қолжетімділікті қамтамасыз етуге, қала мен ауыл арасындағы алшақтықты 1,5 есе қысқартуға (PISA нәтижелері бойынша), үш ауысымды және авариялық мектептерді жоюға, тілек білдірген балаларды қосымша біліммен 100 % қамтуды қамтамасыз етуге, ТЖКБ ұйымдары түлектерінің 80 %-ын жұмысқа орналастыруға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы шеңберінде жоғары білімге қолжетімділікті кеңейту жөнінде шаралар қабылданатын болады, Ұлттық бірыңғай тестілеу нәтижелеріне және басқа да көрсеткіштерге байланысты сараланған гранттар енгізілетін болады.

Талапкерлерге жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларында оқу ақысын төлеуге жылдық 2-3 %-бен ұзақ мерзімді жеңілдікті кредиттер алу мүмкіндігі берілетін болады.

2025 жылға дейінгі гранттар саны 75 мыңға дейін ұлғаяды.

Мамандарды даярлау мемлекеттің, бизнестің және білім берудің күш-жігерін шоғырландыра отырып, озыңқы кадрлық қамтамасыз ету жүйесі бойынша әрекет ететін болады.

Еліміздің университеттері еліміздің әрбір өңірі мен саласы үшін жетекші ЖОО-ны айқындай отырып, қажетті кадрларды қамтамасыз етудің негізгі буыны болады.

Жаңа кәсіптер атласын құру тәжірибесі және «Мамандығым – болашағым» бағдарламасын кеңейту, сондай-ақ дуальды оқыту мүмкіндіктері кадрларды, оның ішінде жұмыс берушілер базасында озық даярлау бойынша өңірлік стандарттарды әзірлеуге жаңа серпін береді.

Университеттер университеттерді бітіргеннен кейін өз түлектерін қолдау үшін «апгрейд» орталықтарын құру мүмкіндігіне ие болады.

Заманауи академиялық және зерттеу экожүйесін қалыптастыру үшін 15 өңірлік және 5 педагогикалық жоғары оқу орындарының базасында жоғары оқу орындарының академиялық артықшылық орталықтары құрылатын болады.

«Өмір бойы оқыту» білім берудің барлық деңгейлерін дамытуға мүмкіндік береді және инклюзивті білім беру үшін жағдай жасай отырып, барлығына қолжетімді білім беру моделіне айналады.

Сондай-ақ 2029 жылға дейін Қазақстан аумағында беделді шетелдік жоғары оқу орындарының кемінде 12 филиалы мен өкілдіктерін ашу мәселесі пысықталатын болады. Бұл басқару жүйесін түрлендіруге және әлемдік білім беру

стандарттарын білім беру мазмұны мен оқу процесіне енгізуге мүмкіндік береді.

ЖОО-ға шетелдік оқытушылар мен шетелдік студенттерді тарту бойынша жұмыс жалғасады. Сондай-ақ қос дипломды және жаһандық бағдарламаларды, жоғары оқу орындарының студенттері мен профессор-оқытушылар құрамының сыртқы және ішкі академиялық ұтқырлығының әртүрлі нысандарын одан әрі дамыту жоспарлануда.

Денсаулық сақтау саласындағы саясат сапалы, қолжетімді медициналық көмек көрсетуге бағытталатын болады.

Салауатты өмір салтының жаңа қағидаттарын ілгерілету үшін Е-СӨС электрондық платформасын құру негізінде халықтың денсаулық мәселелері бойынша сауаттылығын арттыруға және салауатты әдеттерді қалыптастыруға ерекше назар аударылатын болады.

Халықтың, ең алдымен жастардың репродуктивті денсаулығын жақсарту үшін отбасын жоспарлау, халықтың ментальді денсаулығын, оның ішінде Жастар денсаулық орталықтарының жұмысын жандандыру арқылы кәмелетке толмағандар арасында нығайту жөнінде шаралар қабылданатын болады. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының «Денсаулықты нығайтуға ықпал ететін мектептер», «Салауатты университеттер», «Салауатты қалалар», «Салауатты жұмыс орындары», «Балалар жасындағы ауруларды жүргізуді интеграциялау» деген жобалары, сондай-ақ Біріккен Ұлттар Ұйымының Балалар қоры (ЮНИСЕФ) ұсынған патронаждың әмбебап прогрессивті моделі іске асырылатын болады.

Санитариялық авиация қызметін, кең бейінді диагностикалық қызметтердің жылжымалы медициналық кешенін (рентген-аппаратымен, ультрадыбыстық зерттеумен, электрокардиографиямен және гинекологиялық қарау жабдығымен, анализдер қабылдаумен) және бөлшек сатылатын дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуге арналған жылжымалы дәріхана пункттерін пайдалану арқылы алғашқы медициналық-санитариялық көмек қызметі мен ауылдық денсаулық сақтауды дамыту жалғасады.

«Емдік терезе», «алтын сағат» қағидатын сақтау үшін жоғары технологиялық жабдықтармен (магнитті-резонансты томография, компьютерлік томография, ангиографтар) жабдықталған ауданаралық көпсалалы ауруханалар ашылады. Ауданаралық көпсалалы ауруханалар құрылымында шағын инвазивті кардиологиялық орталықтар, II-III деңгейлі инсульт орталықтары, перинаталдық орталықтар, политравматологиялық және хирургиялық орталықтар, медициналық оңалту және қалпына келтіру емі бөлімдері орналастырылады.

Өңірлерде халыққа онкологиялық көмек көрсетудің сапасын арттыру үшін қолданыстағы диагностикалық және емдеу жабдықтары жаңартылады, позитронды-эмиссия және компьютерлік томография орталықтары және молекулалық-генетикалық тестілеуді кеңейте отырып, ядролық медицина орталықтары құрылады.

Дамуында ауытқуы бар және олардың пайда болу қаупі бар 10 мыңнан астам

жас балаларды жыл сайын қамту үшін 0-ден 3 жасқа дейінгі балаларға арналған 17 «Қамқорлық» ерте араласу орталығы ашылады, бұл мүмкіндігі шектеулі балаларды медициналық оңалтуға қолжетімділікті 2 есеге (мүмкіндігі шектеулі балалардың 50 %-на дейін) арттырады.

Медициналық ұйымдардың инфрақұрылымын жаңарту үшін өңірлерде заманауи ауруханалар және Астана, Алматы қалаларында 2 ғылыми-инновациялық орталық салынады.

Биомедициналық зерттеу нарығын дамыту мақсатында клиникалық зерттеулер саласында Клиникалық зерттеу жөніндегі үйлестіру орталығы және «бір терезе», Қазақстан Республикасының денсаулық мәселелері жөніндегі барлық зерттеулеріне (Open Access форматында) қол жеткізуді қамтамасыз ететін Биомедициналық зерттеулердің ұлттық тіркелімі, сондай-ақ медицина саласында клиникалық зерттеулер жүргізуге арналған, үлкен дерекқоры бар (4П-медицинаны дамыту үшін) дербестендірілген биоқор құрылады.

Бұдан басқа, нақты пациенттің айналасында әртүрлі көздерден алынған медициналық ақпараттың шоғырлануын қамтамасыз ететін бірыңғай цифрлық денсаулық сақтау кеңістігі (eHealth) әзірленетін болады.

Мемлекеттік басқару жүйесі

Орта мерзімді перспективаға арналған мемлекеттік міндеттерді шешу мақсатында мемлекеттік қызметті одан әрі дамыту векторы мемлекеттік аппаратты шамадан тыс бюрократиядан арылтуға, халықпен қарым-қатынас пен өзара іс-қимылды күшейтуге, мемлекеттік қызметке талантты жастарды тартуға, меритократия қағидатын күшейтуге, кадрлық процестерді автоматтандыруға және персоналды басқару қызметтерін мемлекеттік органдардың кадрлық әлеуетін күшейтуге қайта бағдарлауға бағытталатын болады.

Мемлекет басшысының тапсырмасын ескере отырып, азаматтардың мемлекетпен өзара іс-қимылы кезінде бюрократия мен әуре-сарсаңға салуға жол бермеу неғұрлым басым бағыт болып табылады.

Бұдан басқа, Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы шеңберінде мемлекеттік қызметшілерді үздіксіз оқыту жүйесін енгізу; «Assessment-center» құру; «келісімшарттық» қызметшілер институтын енгізу; таланттарды іздеу және мемлекеттік секторға тарту; мемлекеттік қызметке іріктеудің және мемлекеттік қызметшілер қызметінің тиімділігін бағалаудың жаңа жүйесі; мемлекеттік қызметшілерді әлеуметтік қамсыздандыру; мемлекеттік органдарда корпоративтік басқару мен стратегиялық HR енгізу; кадр қызметтерін түрлендіру бойынша жобаларды іске асыру жалғасуда.

Өңірлік даму

Қабылданған «Агломерацияларды дамыту туралы» Заң өңірлердің дамуына және ірі қалаларға ауыртпалықты азайтуға қосымша серпін береді. Жергілікті жүйе ретінде орталықтары Астана, Алматы, Шымкент, Ақтөбе және Қарағанды қалаларында орналасқан бес агломерация айқындалды.

Бұдан басқа, елдің өңірлік саясаты ауылдық елді мекендерді дамыту тәсілдерінің тиімділігін арттыруға, өмір сүру сапасын жақсартуға және ауылдық жерлерде жайлы өмір сүру ортасын құруға бағытталатын болады.

Осы мақсатта Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытудың 2023–2027 жылдарға арналған тұжырымдамасы аясында АӨК, ауыл шаруашылығы кооперациясын, ауылдағы кәсіпкерлікті дамыту, әлеуметтік, инженерлік және көліктік инфрақұрылымды дамыту есебінен негізгі қызметтердегі сәйкессіздіктерді азайту, сондай-ақ ауылдық аумақтарды дамытуды институционалдық қолдау арқылы ауыл халқының табысын арттыру шаралары іске асырылатын болады.

Сонымен қатар «Ауыл аманаты» және «Ауыл – Ел бесігі», жеке тұрғын үй учаскелеріне микрокредит беру, сервистік-тұрмыстық кооперативтер құру, әлеуметтік, инженерлік және көліктік инфрақұрылымды дамыту бойынша жобаларды іске асыру жалғасатын болады.

Жалпы, 2027 жылдың соңына қарай табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен ауыл тұрғындарының үлесін төмендету, даму әлеуеті бар 3,5 мың ауылдық елді мекеннің инфрақұрылымын жаңғырту, ауылдарды сумен жабдықтау қызметтерімен қамтамасыз етудің өсуі және ауылдық елді мекендерді Интернет желісімен қамту күтілуде.

Экономикалық интеграция

Сыртқы сауда саясатының негізгі мақсаты әлемдік сауда жүйесіне интеграциялау арқылы елдің экономикалық мүдделерін ілгерілетудің және қорғаудың тиімді және жедел жүйесін құру болып табылады, ол:

ДСҰ-ға мүшелік шеңберінде Қазақстан Республикасы қабылдаған міндеттемелерді орындау;

ЕАЭО және ДСҰ мүшелігі шеңберінде ұлттық мүдделерді қорғау;

ДСҰ шеңберіндегі сауданы жеңілдету;

ЕАЭО шеңберінде үшінші елдермен еркін сауда туралы келісімдер жасасу жөнінде келіссөздер жүргізу;

үлкен экспорттық қызығушылық тудыратын жаңа әріптестермен еркін сауда аймақтарын құрудың орындылығын зерделеу;

ТМД-дағы еркін сауда режимін жетілдіру және тереңдету;

отандық өндірушілерді қолдау және тауарларды тұтынушыларды қорғау мақсатында кедендік-тарифтік, тарифтік емес реттеу шараларын, сондай-ақ демпингке қарсы, өтемақы және арнайы қорғау шараларын қолдану;

үшінші елдер қорғау шараларына бастамашылық жасаған немесе енгізген жағдайда қазақстандық кәсіпорындардың мүдделерін қорғау;

сыртқы сауданы реттеу шараларын қарау және қабылдау жеделдігін арттыруға бағытталған ұлттық заңнаманы жетілдіру.

IV. Мемлекеттік қаржының тұрақтылығы

Мемлекеттік қаржының тұрақтылығын бағалау

Бұл кіші бөлім Бюджеттік тәуекелдер және мемлекеттік қаржының ұзақ мерзімді тұрақтылығы туралы талдамалық есепте көрсетілетін болады.

Жоспарлы кезеңге арналған бюджет параметрлерінің болжамы

2024–2026 жылдарға арналған республикалық бюджеттің параметрлері бюджеттің кіріс базасын толықтырудың жаңа көздерін генерациялауға және бюджет шығыстарын әлеуметтік-экономикалық дамудың басым бағыттарына шоғырландыруға арналған бюджет саясатының бағдарларын ескере отырып айқындалған.

Мәселен, базалық сценарий бойынша Қазақстан экономикасын дамытудың болжамды сыртқы жағдайларын (*мұнайдың әлемдік бағасы барреліне 80 АҚШ доллары*) және 2024–2026 жылдарға арналған макроэкономикалық көрсеткіштердің болжамын ескере отырып, республикалық бюджеттің кірістері (трансферттерді есептемегенде) 16 124,0 млрд теңгені құрайды, бұл ағымдағы жылдың нақтыланған жоспарынан 1 491,9 млрд теңгеге немесе 10,2 %-ға артық. Жоспарлы кезеңде олардың 2026 жылға қарай 18 404,5 млрд теңгеге дейін немесе 14,1 %-ға өсуі күтілуде, ЖІӨ-ге қатысты 10,7 % деңгейінде болжанады.

Республикалық бюджетке қосымша түсімдер кіріс базасын кеңейту және салықтық әкімшілендіруді жақсарту, сондай-ақ көлеңкелі экономиканың үлесін төмендету бойынша Үкімет қабылдап жатқан шаралар есебінен қамтамасыз етіледі.

Ұлттық қордан трансферттер өзінің жинақтау функциясын күшейту бойынша Бюджет кодексiне қабылданған түзетулер ескеріле отырып жоспарланған.

Мәселен, Ұлттық қордан республикалық бюджетке кепілдендірілген трансферттің мөлшері мұнайдың есептік бағасы («кесімді бағасы») қолданыла отырып 2024–2026 жылдары 2 000 млрд теңге мөлшерінде айқындалды.


Республикалық бюджет параметрлерінде 2024 жылы Ұлттық қордан 1 600 млрд теңге мөлшерінде нысаналы трансферт тарту ескерілді.

Бюджет кодексiне сәйкес қаражат Қазақстан Республикасы Президентінің шешімі бойынша ұлттық ауқымдағы әлеуметтік маңызы бар жобаларды іске асыруға бағытталатын болады.

Осылайша, мемлекеттік қаржының теңгерімділігін қамтамасыз ету бойынша қабылданып жатқан шараларды ескере отырып, республикалық бюджеттің меншікті қаражатының үлесі 2023 жылғы 68,0 %-дан 2026 жылы 76,3 %-ға дейін ұлғаюмен болжанады.

5-сурет. Республикалық бюджет параметрінің теңгерімділігі бойынша ақпарат

млрд теңге



2022 жылғы желтоқсанда Бюджет кодексіне қабылданған түзетулерге сәйкес 2023 жылға арналған республикалық бюджетті нақтылау кезінде шығыстар республикалық бюджет шығыстарының өсу қарқынын шектеу жөніндегі бюджеттік қағиданы қолданбай болжанды.

Уақытша алып тастау шаралары ағымдағы жылдың бірінші жартысында мемлекеттік басқару жүйесіндегі өзгерістерге байланысты құжаттарды іске асыру үшін қосымша міндеттемелерді қабылдаумен байланысты.

Жаңа Бюджет кодексінің жобасына сәйкес 2024–2026 жылдарға арналған республикалық бюджеттің параметрлерін қалыптастыру кезінде Бюджет кодексінің 12-бабына сәйкес осы қағидалар ескеріліп бюджеттің шығыс бөлігін айқындау және қайтару қамтамасыз етілді.

Жоспарлы кезеңде республикалық бюджет шығыстарының өсу қарқыны инфляция бойынша мақсатқа ұлғайтылған ұзақ мерзімді экономикалық өсу деңгейімен шектелген.

Бұл ретте республикалық бюджет шығыстарының өсу қарқыны 2024 жылы 108,0 %, 2025 жылы 108,1 %, 2026 жылы 108,6 % құрайды.

Осыны ескере отырып, республикалық бюджет шығыстары абсолютті мәнде 2024 жылы – 23 983,9 млрд теңге, 2025 жылы – 23 807,2 млрд теңге, 2026 жылы – 25 171,3 млрд теңге мөлшерінде болжанып отыр. Орта мерзімді кезеңде ЖІӨ-ге қатысты орташа есеппен 16,0 % деңгейін құрайды.

2024 жылы бюджет тапшылығы 2025–2026 жылдары ЖІӨ-ге қатысты тиісінше 2,4 %-ға және 2,3 %-ға дейін төмендеп, ЖІӨ-ге қатысты 2,6 % деңгейінде айқындалды.

Мұнай емес тапшылық деңгейі 2024 жылы ЖІӨ-ге қатысты 6,5 %-дан 2026 жылы ЖІӨ-ге қатысты 4,6 %-ға дейін төмендеумен болжануда.

Мемлекеттік бюджет түсімдері мен шығыстарының жоспарлы кезеңге арналған болжамы


Болжам бойынша 2024 жылы мемлекеттік бюджет кірістері (трансфертті есепке алмағанда) 21 810,4 млрд теңгені құрайды, бұл ағымдағы жылғы нақтыланған жоспардан 1 910,5 млрд теңгеге немесе 9,6 %-ға көп. Жоспарлы кезеңде олардың 2026 жылға қарай 24 795,2 млрд теңгеге дейін немесе 13,7 %-ға өсуі күтілуде, ЖІӨ-ге қатысты 14,4 % деңгейінде болжануда.

Бюджет кірістерінің өсуі мемлекеттік бюджет кірістерінің орташа есеппен 97,7 %-ын иеленетін салық түсімдерінің ұлғаюы есебінен қамтамасыз етілетін болады.

Болжам бойынша салық түсімдерінің өсу қарқыны өткен жылға қарағанда 2024 жылы – 109,8 %-ды, 2025 жылы – 107,7 %-ды, 2026 жылы – 105,8 %-ды құрайды.

Жалпы мемлекеттік бюджет түсімдерінің жалпы көлемінің 2024 жылғы 25 587,2 млрд теңгеден 2026 жылы 26 983,0 млрд теңгеге дейін немесе 105,5 %-ға өсуі болжануда. Мемлекеттік бюджет түсімдеріндегі кірістердің (трансфертті есепке алмағанда) үлесі 2024 жылғы 85,2 %-дан 2026 жылы 91,9 %-ға дейін ұлғаяды. Мемлекеттік бюджет түсімдеріндегі Ұлттық қордан берілетін трансферттер үлесі 2024 жылы 14,1 %-дан 2026 жылы 7,4 %-ға дейін төмендейді.


6-сурет. Мемлекеттік бюджет түсімінің болжамы



Мемлекеттік бюджет шығыстары 2024 жылғы 29 122,0 млрд теңгеден 2026 жылы 30 952,6 млрд теңгеге дейін немесе 106,3 %-ға ұлғаюмен болжануда.

Бұл ретте оларды ЖІӨ-ге қатысты 2024 жылы 21,6 %-дан 2026 жылы 17,9 %-ға дейін төмендету жоспарлануда.

7-сурет. Мемлекеттік бюджет шығысының болжамы




Мұнай емес сектордан түсетін кірістердің өсуі аясында Ұлттық қордан пайдаланылатын қаражаттың болжамды көлемі мемлекеттік бюджет түсімдерінің жалпы көлемінде Ұлттық қордан берілетін трансферттерді және шикі мұнайдың әкетілетін кедендік бажын қоса алғанда, мұнай кірістері үлесінің төмендеуіне ықпал ететін болады.

Мемлекеттік шығыстардың көлемі бюджеттің мұнай емес кірістерімен және кесімді баға кезінде болжанатын кепілдендірілген трансфертпен, нысаналы трансфертпен, сондай-ақ Мемлекеттік қаржыны басқарудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасында көрсетілген мұнай емес тапшылық бойынша шектеулерді ескере отырып жоспарланатын тапшылықпен шектелетін болады.

Бюджет шығыстары ұзақ мерзімді және орнықты өсуге қол жеткізуге ықпал етеді. Мемлекеттің әлеуметтік міндеттемелерін (зейнетақылар, жәрдемақылар және т.б.) орындауға, елдің байланысы мен азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін адами капиталды (білім беру және денсаулық сақтау) және инфрақұрылымды дамытуға арналған шығыстар, сондай-ақ елдің бәсекеге қабілеттілігіне қол жеткізудің негізгі факторы болып табылатын ҒЗТҚЖ мен инновацияларға арналған шығыстар басымдыққа ие.


Мемлекеттік бюджет тапшылығы 2024 жылы ЖІӨ-ге қатысты 2,6 %, 2025 жылы ЖІӨ-ге қатысты 2,4 %, 2026 жылы ЖІӨ-ге қатысты 2,3 % деңгейінде болжануда. Тапшылықтың болжамды мөлшері елдің стратегиялық құжаттарында айқындалған нысаналы бағдарларға сәйкес келеді.

8-сурет. Мемлекеттік бюджет тапшылығы



Ұлттық қордың пайдаланылатын қаражатының болжамды көлемі және бюджет пен Ұлттық қордың теңгерімділік саясатына сәйкес бюджеттің мұнай емес кірістерінің ұлғаюы аясында тапшылықты төмен деңгейде ұстап тұру мұнай емес тапшылықты қысқартуға ықпал ететін болады.

9-сурет. Мемлекеттік бюджеттің мұнай емес тапшылығы



Мұнай емес тапшылықтың 2024–2026 жылдары болжанатын серпіні Мемлекеттік қаржыны басқарудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасында белгіленген 2026 жылғы мұнай емес тапшылық деңгейін ЖІӨ-ге қатысты 5,9 %-ға дейін төмендету жөніндегі нысаналы бағдарларға қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

Шоғырландырылған бюджеттің түсімдері мен шығыстарының жоспарлы кезеңге арналған болжамы

2021 жылы Бюджет кодексіне қабылданған түзетулерді іске асыру үшін шоғырландырылған бюджет параметрлері Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры мен Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының қаражаты ескеріліп қалыптастырылды.

Көрсеткіш атауы	2023 жыл	2024 жыл	2025 жыл	2026 жыл
	бағалау	болжам		
Түсім	28 797,9	31 329,0	34 201,6	35 668,8
<i>ЖІӨ-ге қатысты %</i>	23,9	23,2	22,3	20,7
мұнай	7 187,6	7 592,0	8 800,9	8 582,3
мұнай емес	21 610,2	23 737,0	25 400,7	27 086,5
Шығыс	29 237,4	30 914,7	31 604,1	33 511,2
<i>ЖІӨ-ге қатысты %</i>	24,2	22,9	20,7	19,4
Шоғырландырылған теңгерім	-439,5	414,2	2 597,5	2 157,7
<i>ЖІӨ-ге қатысты %</i>	-0,4	0,3	1,7	1,3
Мұнай емес теңгерім	-7 627,1	-7 177,7	-6 203,4	-6 424,6
<i>ЖІӨ-ге қатысты %</i>	-6,3	-5,3	-4,1	-3,7

Мәселен, мемлекеттік бюджет, Ұлттық қор және екі бюджеттен тыс қор түсімдері ескеріліп, шоғырландырылған бюджет түсімінің 2024 жылғы 31 329,0 млрд теңгеден 2026 жылы 35 668,8 млрд теңгеге дейін немесе 113,9 %-ға ұлғаюы болжануда.

Шоғырландырылған бюджет шығыстары 2024 жылғы 30 914,7 млрд теңгеден 2026 жылы 33 511,2 млрд теңгеге дейін немесе 108,4 %-ға өсумен болжанған.

Brent маркалы мұнайдың болжамды әлемдік бағасы бір барреліне 80 АҚШ доллары болған кезде 2024–2026 жылдары шоғырландырылған бюджет профициті 2024 жылы ЖІӨ-ге қатысты 0,3 %, 2025 жылы ЖІӨ-ге қатысты 1,7 %, 2026 жылы ЖІӨ-ге қатысты 1,3 % деңгейінде болжанған, бұл бюджеттік шоғырланудың оң серпінін және мемлекеттік қаржы орнықтылығының нығаюын көрсетеді.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына 2024 жылы – 1 528,8 млрд теңге, 2025 жылы – 1 632,4 млрд теңге, 2026 жылы – 1 681,7 млрд теңге сомасында түсім болжанып отыр. Қордың шығыстары 2024 жылы – 1 460,6 млрд теңге, 2025 жылы – 1 663,0 млрд теңге, 2026 жылы – 1 818,0 млрд теңге сомасында болжанады.

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына түсімдер 2024 жылы – 856,1 млрд теңге, 2025 жылы – 1 177,6 млрд теңге, 2026 жылы – 1 296,3 млрд теңге сомасында болжанады. Қордың шығыстары 2024 жылы – 856,1 млрд теңге, 2025 жылы – 1 177,6 млрд теңге, 2026 жылы – 1 296,3 млрд теңге сомасында болжанады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының жоспарлы кезеңге арналған түсімдері мен шығыстарының болжамы

Ұлттық қордың параметрлері 2024 жылдан бастап Ұлттық қордың инвестициялық кірісінің бір бөлігін балаларға төлеуді жүзеге асыруды және мемлекеттік ресурстарды өз мүмкіндіктері шегінде ғана жұмсау және ұзақ мерзімді перспективада сақталуын қамтамасыз ете отырып, «қажетті күнге» арналған резервтерді ұлғайту жөніндегі елдің негізгі стратегиялық құжаттарында айқындалған бюджет саясатының қағидаттарын ескере отырып болжанды.


Күтілетін мұнай өндіру көлемін және Brent маркалы мұнайдың бір барреліне 80 АҚШ доллары деңгейіндегі болжамды әлемдік бағасын ескеріп, мұнай секторы ұйымдарынан Ұлттық қорға түсетін түсімдер болжам бойынша 2024 жылы – 5 958,0 млрд теңгені, 2025 жылы – 6 817,3 млрд теңгені, 2026 жылы – 6 679,7 млрд теңгені құрайды.

Ұлттық қордың активтерін басқарудан түсетін инвестициялық кіріс 4,35 % деңгейіндегі кірістілік кезінде 2024 жылы – 1 214,0 млрд теңге, 2025 жылы – 1 360,2 млрд теңге, 2026 жылы – 1 615,0 млрд теңге сомасында болжанады.

Ұлттық қордан кепілдендірілген трансферттің мөлшерін мұнайдың есептік бағасы («кесімді» бағасы) кезінде болжанатын, мұнай секторынан Ұлттық қорға түсетін түсімдер көлемінен аспайтын деңгейде айқындау нәтижесінде Ұлттық қордың қаражатын пайдалану 2024 жылы ЖІӨ-ге қатысты 2,7 %-дан (3,6 трлн теңге) 2026 жылы ЖІӨ-ге қатысты 1,2 %-ға дейін (2,0 трлн теңге) төмендейді.


Ұлттық қорға түсетін таза түсімдер 2024 жылғы 3,9 трлн теңгеден 2026 жылы 6,3 трлн теңгеге өсумен болжанады.

10-сурет. Ұлттық қор түсімі мен пайдаланылуының болжамы



Ұлттық қордың 2022 жылдың соңындағы 55,7 млрд АҚШ доллары (жыл қорытындысы бойынша кірістілік (-) 10,35 %) мөлшеріндегі валюталық активтерін ескере отырып, таза валюталық активтер 2026 жылдың соңында болжам бойынша 93,3 млрд АҚШ долларынан (мұнайдың әлемдік бағасы бір барреліне 80 АҚШ доллары және Қордың 4,35 % деңгейіндегі кірістілігі кезінде) төмен болмайды.

11-сурет. Ұлттық қордың валюталық активтерінің болжамы



Ұлттық қордың таза қаражаты 2024 жылдың соңында 32,4 трлн теңге, 2025 жылы – 38,2 трлн теңге, 2026 жылы – 44,0 трлн теңге көлемінде күтілуде.

Бұл ретте Қазақстан Республикасының мемлекеттік қаржысын басқарудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасына сәйкес квазимемлекеттік сектор субъектілерінің борыштық бағалы қағаздары әділ (нарықтық) құн бойынша ескерілді.

Жалпыұлттық басымдықтарды іске асыруға бағытталған шығыстардың жаңа бастамалары

Шығыстардың өсу қарқынын шектейтін бюджеттік қағидалардың қолданылуы «бюджетті басқару» қағидатынан «нәтижелерді басқаруға» көшуге сәйкес қол жеткізілген нәтижені ескере отырып, шығыстардың басымдылығын айқындауды алдын ала айқындайды.

Республикалық бюджет шығыстарының 65 %-дан астамы Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарында белгіленген стратегиялық мақсаттар мен нысаналы индикаторларды іске асыруға бағытталған. Бұл Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарының, ұлттық жобалардың, тұжырымдамалардың, даму жоспарларының және т.б. ережелерін іске асыру.

Шығыстардың жаңа бастамаларына ең жақсы әлеуметтік-экономикалық тиімділікті қамтамасыз ету және бұрын қабылданған шешімдердің белгіленген бюджеттік қағидалары мен сабақтастығын сақтай отырып, экономикалық дамудың жалпы стратегиясына сәйкестігі кезінде қолдау көрсетілетін болады.

Ішкі және сыртқы үкіметтік борыштың болжамын қоса алғанда, мемлекет міндеттемелерінің параметрлері


Борыштық саясат бюджет тапшылығын қаржыландыру үшін қолайлы шарттарда үкіметтік қарыз алуды жүзеге асыруға және елдің борышын қауіпсіз деңгейде ұстап тұруға бағытталған.

Республикалық бюджеттің жоспарланып отырған тапшылығын ескере отырып, мемлекеттік борышты 2024 жылғы 34 183,3 млрд теңгеден (ЖІӨ-ге

25,3 %) 2028 жылы 50 467,8 млрд теңгеге (ЖІӨ-ге 23,1 %) дейін кезең-кезеңімен ұлғайту болжанып отыр.

Бұл ретте мемлекеттік борыш деңгейінің болжамды мәндері Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартта белгіленген ЖІӨ-ге қатысты 50 %-дық шектен аспайды.

12-сурет. 2024–2028 жылдарға арналған мемлекеттік және үкіметтік борыштың болжамы




Мемлекеттік борыш құрылымында үкіметтік борыштың 2024 жылғы 28 743,6 млрд теңгеден (ЖІӨ-ге 21,3 %) 2028 жылы 45 028,1 млрд теңгеге (ЖІӨ-ге 20,6 %) дейін ұлғаюы болжанады.

Валюталық тәуекелдерді болдырмау мақсатында қарыз алудың ішкі нарығы барынша пайдаланылатын болады.

Бұл ретте несие капиталының сыртқы нарықтарға шығуы ішкі нарықта өтімділік жеткіліксіз болған жағдайда жүргізіледі.


13-сурет. 2024–2028 жылдарға арналған ішкі және сыртқы үкіметтік борыштың болжамы



Елдің және квазимемлекеттік сектордың сыртқы мемлекеттік борышының деңгейін бақылауды қамтамасыз ету мақсатында жаңа бюджет саясатының тұжырымдамасында мемлекеттік және квазимемлекеттік борыштың жоғарғы

шектерін шектеу көзделген, олар жиынтығында ЖІӨ-нің 53,2 %-ынан аспауға тиіс.

14-сурет. 2024–2028 жылдарға арналған мемлекеттік және квазимемлекеттік жиынтық борыштың болжамы



Осылайша, борыштың болжамды параметрлері белгіленген шектеулерден аспайды.

Қазақстан Республикасының 2024–2028 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі көрсеткіштерінің, 2024–2026 жылдарға арналған бюджет пен Ұлттық қор параметрінің болжамы қосымшада берілген.